

СОЦИАЛ ЖҰМАБАЕВ

МӘЛГАЖДАР
АЙДАРБЕКОВ



Петропавл – 2004



МӘЛГАЖДАР АЙДАРБЕКОВ
1876-1937

Солтүстік Қазақстан облыстық
өлкетану мұражайы
«Асыл мұра» орталығы

Редакция алқасы:

Ғалым Қадірәлі (редактор)
Қайролла Мұқанов, Сәулө Байтенова,
Зейнолла Олжабаев, Хабиболла Ысқақов,
Манарабек Кенжебаев

Социал Жұмабаев

Мәлгаждар Айдарбеков – 80 бет
(Ғұмырнамалық зерттеу)

АЛҒЫ СӨЗ

Петропавл қаласының облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қазақ тұрмысы мен әдет-салтына арналған кең бөлмесінде көрермендердің көзайымы болған, өте сирек кездесетін, тіпті Қазақстанның басқа қалаларындағы мұражайларында бола бермейтін жәдігер бар, ол-мүйізден жасалған орындық. Орындықтың төрт сирағы, арқасы, шынтақ тірері – бәрі ірі қара малдың мүйізінен жасалып әшекейленген, отыратын жері мал терісінен жұмсақ қылып жасалып, қызыл барқытпен тысталған.

Бұл орындық қазақтың сән-салтанат өнерінің ешқайда кездеспеген жаңа түрі, мал шаруашылығымен айналысатын қазақтың кәсіби дүниесі. Қазактар мүйізден нешетүрлі әшекейлер, ыдыстар, құрал-саймандар, насыбай салатын әшекейленген шақша жасайтын, ал мүйізден жасалған орындық-тақты бірінші көргенім, – деген еді мұражайдың болғанында филология ғылыминың докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев. Бұл кісіден басқа Алматыдан, Астанадан келген ғалымдар, ақын-жазушылар осы жәдігерге танырқай қарап, Орталық мұражайға алу туралы «құда тұскендері» де болды.


Аталмыш жәдігердің зерттелуіне Петропавл қаласының тұрғыны Ұлқынбек Қабиболла қажының «Осы өлкениң тарихын жинастырып жүрген азаматсыздар ғой, бұл орындық-тақта үлкен сыр бар, тарихқа беймәлім болып бара жатқан тарихи адамдардың есімі бар, өлкеміздің өткені бар», – деген сөзі себеп болды.

Жәдігерді мұражайға 21 шілде 1967 жылы Петропавл қаласының тұрғыны, орындық-так иесінің кейінгі үрпақтарының бірі Венера Купкина деген

азаматша сыйлаған. «Аталарым Ідіріс, Мәлгаждардан қалған мұра еді, осы мұражайда сақталғанды жөн көрдім», - дегеннен басқа ештеңе сөз қоспай өткізе салған. Мұражай қызметкерлері этикеткасына «байдың тағы» деп жазған. Орындықтың иелері осы өнірдің атақты байлары екенінен артық дерек жиналмаған.

Откен тарихымызды танып-білуде көрер көзге куәгерлік тарихи дерегі бар мұражайлар мен мұрахаттардың ерекше орын алатынын айтып жатудың қажеті бола қоймас. Негізгі деректерді Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан облыстық мұрахаттың (архив) 1370 қоры, 3-тізбесі және Алматы қаласындағы Республикалық мұрахаттың 135 қор, 1-тізбе, 379-ісінен алдық. Кітапшамыз осы дерек көздеріне негізделіп жазылды. Ідіріс қажының кейінгі ұрпақтары Кенжетай ана және Манаrbек Ақышұлы, осы әулет туралы естігендері бар Зейнолла қажы Олжабаев, Хабиболла қажы Исқақовтордың естелік әңгімелерін пайдаландық. Кітапшамыз Солтүстік Қазақстан облысының өлкетану мұрахаты бірлестігі әкімшілігінің тапсырысымен жазылды.

Автор.




ІДІРІС ҚАЖЫ – МӘЛІК (МӘЛГАЖДАР) АЙДАРБЕКОВТАР

Орындық-тақтың иесі Айдарбеков Ідіріс қажы 1849 жылы Петропавл уезі, Келтесор болысы жерінде, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Майбалық аулында туған. Ідіріс қажының туған жылды дау туғызбайды. Өйткені, «Ислам әлемі» баспасынан 2000 жылы шыққан «Қазақстан қажылары» деген кітаптың 120 бетінде 1908 жылы 59 жасында Меккеге қажылықта барғаны жазылған. Уақ руының Шоға атасының Есқарасынан тарайды; Есқара-Масай-Байғұлы-Әлібек-Бақан-Айдарбек-Ідіріс-Мәлгаждар (Мәлік).


Ідіріс қажы Қазан төңкерісіне дейін сол кездे қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының көп жерін алып жатқан Келтесор болысының болысы, ірі ру басшысы, сол төңіректің атақты байы болады. Байлығы туралы ел аузында мынадай аңыз бар: басқа қарамалдары мен ұсақ малдарын есептемегендеге жылқысының саны 900 болған еken. «Мыңды айдаған бай боламын» – деп, қанша тырысса да жылқысы мыңға жетпеген. Жылқысының саны туралы «тоғыз жүзден кетпеген, мыңға жетпеген» деген сөз қалған еken.

Ескішеде, жаңаша да оқығаны бар Ідіріс қажы ел аузындағы әңгімелерге қарағанда өте қайырымды ел басшысы болған.



ІДІРІС, МӘЛІК АИДАРБЕКОВТАР ШЕЖІРЕСІ.

Шоға – Бәйімбет – Қырғызәлі – Мұлкіс – Есқара – Масай – Мұсай – Байғұлы.



Ідіріс қажыдан Мәлік (Мәлгаждар) атты ұл, Мәпи атты қыз туады.

Архивтегі реєсми құжаттардың біреуінде Мәлік, біреуінде Мәлгаждар (Омбыдан алынған құжаттарда) деп жазылған. Фамилиясы да Петропавл архивінде, Омбы облысы сотынан алынған құжаттарда Айдарбеков болса, Алматы архивінде Идрисов болып жазылған. Шынында, азан айтып қойған аты Мәлгаждар болуы керек. Мәлік деп туыстары еркелетіп айтса, басқа үлт өкілдері айтуға жеңіл «Малик» деуі мүмкін. Тұған жылы да Петропавл архивінде 1888 жыл болса, Омбы облыстың сотынан алынған құжаттарда 1876 жыл деп жазылған. Үкіметтен құғын-сүргін көріп жүрген азаматтың екі төлкүжаты (паспорты) болуы да мүмкін. Осылардың ішінде ден қоятын бір құжат бар. Петропавлдың облыстық архивінің Фонд-55, Тізбе – 1, Іс – 53. «Список делегатов Акмолинского губернского съезда» (21.08.1921 г.) атты құжатта съезд делегаттары қатарында «Айдарбеков Малик» деп тіркелген. Ал, 1928 жылғы осы архивтің құжаттарында «Идрисов» деп жазылады.

Архив құжаттарында Мәліктің араб, орыс әріптерімен жазғандары бар. Әсіресе, орыс тілін жетік билетіні, орысша өте сауатты жазатыны ВКП(б) Орталық комитеті мен Саяси бюросының секретары Сталинге, Бүкіл Россиялық Атқару комитетінің президиумына жазған хаттарынан байқауға болады.

Келтесор болысын басқарған әкелі-балалы Ідіріс қажы мен Мәлік (Мәлгаждар) Айдарбековтардың аткарған қоғамдық қызметін, тарихтағы орнын сол уақыттағы тарихи жағдайларға бұрылышы жасамай айту қын, түсініксіздеу де болар еді. «Жолдасыңың кім екенін айтшы, өзінің кім екенінді айтып берейін», - деп, халық даналығы айтқандай және орыстың ұлы

тариҳшысы Карамзиннің «Әр тарихи тұлғаға өзі өмір сүрген тарихи жағдайға орай баға беру керек» – деген екен.

ХХ ғасыр басындағы аумалы-төкпелі аласапыран заманда ел тенденсін үшін атқа қонған, газет шығарған, партия құрған, қуғын-сүргінге ұшыраған, ақыр сонында жат қолынан қаза тапқан Алаш қайраткерлерінің бірі, қаламгер – Көлбай Төгісұлы екенін тарихтан білеміз. Көлбай Төгісұлына Петропавл қаласында «Үш жұз» партиясын құруға және оның «Үш жұз» газетін шығаруға қаржыдай көмек беріп отырған, осы істі үйымдастыру ісіне тікелей көмек жасаған әкелі-балалы Ідіріс және Мәлік Айдарбековтар болған.

Көлбай Төгісов Семей облысы, Зайсан уезі № 4 ауылда 1879 жылы туған. 1890-1893 жылдары Зайсандағы үш жылдық орыс мектебінде оқып, кейіннен Петербург университетінің Заң факультетін бітірген. 1900 жылдан бастап заң саласында соттың іс жүргізушісі, статс-секретарь болып жұмыс істеген. Мәриям Эбсәлам қызына үйленген.

Көлбай Төгісов - әдеби-публистикалық, қоғамдық-саяси қызметтері жағынан алғанда ХХ ғасырдың басындағы ірі қоғам қайраткері. Ол қазақ тарихымен қатар Орта Азия халықтарының тарихында өзіндік із қалдырған ерекше орны бар тұлғалардың бірі.

1905 жылғы «Семипалатинский листок» газетіндегі бір мақаласында, сол кездегі зиялы қауымды халыққа қызмет етуге шақырады. 1906-1907 жылдары татардың «Уақыт» газетіне макалалар жазып, қазаққа мектептің, баспасөздің қажеттігіне баса назар аударады.

1905 жылғы патша манифесін жасырған шенеуніктерге қарсы Қарқаралыда ереуіл

ұйымдастырады. Ресей және шет аймақтардағы жағдайды сыйпаттай отырып, К.Төгісов патша өкіметіне ұсыныс хат жазған. Патшаға жіберілген жеделхатында «Егер халықтың қойған талабы орындалмаса, ол туысқан халықтың бірін-бірі өлтіретін азамат соғысына алып келеді», – деп көрегендік пікір айтқан.

Бірінші орыс революциясынан кейін Төгісов қуғындалып, 1909-1912 жылдары түрмеде отырады. 1912 жылы орталық қалаларда тұрмайтын және саяси іспен араласпайтын болып босатылған. 1915 жылға дейін Қапалда тұрады. «Айқап» журналына да бірнеше мақалалар мен өлеңдер жариялады.

1916 жылдың қарашасынан 1917 жылдың ортасына дейін Ташкент қаласында аптасына бір рет «Алаш» газетін шығарды. Редакторы Көлбай Тоғысов, шығарушысы Мәриям Тоғысова. Газет «Туркестанский курьер» баспаханасында басылып тұрды. Газеттің шығуы жайында «Алаш» газетінің алғашқы санында: «Россия қарамағындағы елдердің бірі болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелері көшпелілік пен отырықшылық, оқу-агарту ісін жөнге қою, мемлекеттік Думаға қатысу, сот ісін жөндеу, әйел мәселесін көтеру, елдің тұрмыс-халін тұзету» деген. Міне, газеттің негізінен осы мәселелерді көтергенін ондағы басылған мақалалардан байқауға болады. К.Тоғысов «Жоғалсын Романовтар» деген мақаласында 300 жыл Россияны билеген Романовтар туралы айта келіп, әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болуы керек деген.

Газетте Т. Жанбаевтың «Бізге нелер керек?» деген мақаласында қазақ жастарын оқуға, мәдениетке, қазақ елін мәдениетті ел қатарына жеткізу үшін енбек етуге шақырған. Т.Жомартбаевтың «Достыққа достық парыз. іс.

дұшпаныңа әділ бол» деген мақаласында елді мәдениетті болуға, ол үшін оқу-білімге шақырған. Абайдың нақыл сөздерін келтірген. «Ояну керек» деген мақалада артта қалған қазақ елінің оқуға, өнер-білімге жетілу үшін жастарды оқыту, қала болып, отырықшылыққа көшу, Мемлекеттік Думаға депутат сайлау керектігін жазған. «Гүл ашамыз» деген мақалада уақытша үкіметті елге бостандық әкеледі деп түсіндіріп, елді бостандықты қорғауға шақырған. «Кекшетауда бостандық туды» деген мақалада қазақ елінің Ресейге бағынғаннан бергі жағдайына тоқтала отырып, патша үкіметі құлады деп, енді оқуға, өнер-білімге ұмтылуға жабылып қалған мектептерді қайтадан ашуға үндейді. С.Дөнентаев «Азаттық күні» деген өлеңін қазақ халқының патша құлдығынан босағанына арнаған.

Газет бетінде әйел тендігі жайында көптеген мақала, әңгіме, өлеңдер бар. Б.Майлин «Ны қымбат» деген өлеңінде әйел тендігі туралы айта келіп, «қыздың кедейге – мал, байға – қызың» екендігін әшкерлеген.

«Алаш» газетін бастырушы Мәриям Тоғысова болуы сол кездегі қазақ әйелдерінің ояна бастауының бір белгісі болса, газет бетінде бірнеше әйел қалам тербегенін де байқаймыз. Газет бетінде белгілі ақын-жазушылардың алғашқы өлеңдері мен әңгімелері басылған. Б.Майлиниң, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің студент кездерінде жазған мақаласы кездеседі. Төгісов басқарған «Алаш» газеті осы сиякты өзекті мәселелерді көтерді.

Қазактың ұлттық баспасөзінің қалыптасу дәүірінде «Қазақ» газетінен артық (1913-1918 жж.) жарық көрген басылым жоқ. Оның барлық 265 нөмірінің әрқайсысы казақ тарихындағы ояну дәүірінің күнтізбегі іспеттес. Мәлік Айдарбеков

«Қазақ» газетінің қоғамдық тілшісі болып, мақала жазып отырған. Қөлбай Тоғысов осы газеттің де ұйымдастырушылардың бірі болған, мақала жазып тұрған. Замана шежіресіндегі болған басылым Омбы облыстың атқару комитетінің 1918 жылғы 4 наурыздағы Орынбор Советіне берілген: «... просим немедленно закрыть газету» деген нұсқауы бойынша көп ұзамай жабылды. Сөйтіп, патша үкіметінің отаршылдық саясатына бағынбай толассыз шығып тұрған басылым Кеңес өкіметі тұсында жабылды. «Қазақ» газетін шығарушылар екі топқа бөлінді. Біріншісі – «Бірлік туы» Алашорда қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған осы партия басшыларының бірі Міржақып Дулатов редакторлық етті. Мұстафа Шоқайұлы қалаған бұл газет Ташкент шаһарында 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін жарық көріп тұрған. Бұл газетті де Кеңес үкіметі жапқан. «Бірлік туының» мәдениеті, танымдық, тез ақпар жеткізушилік деңгей – жалпы сапасы өте жоғары болды.

«Қазақ» газетінің «солшыл» бағыттағы тобы Солтүстік Қазақстан облысында «Үш жұз» социалистік саяси партиясын құрып, өзі аттас Петропавлда «Үш жұз» газетін шығарды. Бұл партияны ұйымдастырушылар: К.Төгісов, Ы.Кебеков, Шәймерден Элжанов, Мұқан Айтпенов, Абдрахман Қылышбаев, Еркеш Тоқпанов, әкелі-баласы Ідіріс және Мәлік Айдарбековтар болды. Партияның Орталық органдары «Үш жұз» газеті аптасына бір рет шығып тұрды, газеттің редакторы К.Төгісов, демеушілері әкелі-баласы Айдарбековтар болды.

«Алаш» партиясының да, «Үш жұз» партиясының да, олардың басшыларының да көздегені бір-ак максат болды, яғни екеуі де қазақ

болмысының болашағы үшін күресті. Алайда, күрестегі ұстанған жолдары бөлек болды. Қай партияның өзінің ұстаған саяси бағыт бағдарламасын жүзеге асырудың талас-тартыссыз өтпейтіндігі тарихи шындық. Өз мақсаттарына жету үшін екі партия да бірін-бірі аямады, ымыраға келмеді. К.Төгісов және соның жақтастарын Колчак өкіметіне ұстауға көмектескен де «Алаш» партиясының адамдары еді.

«Алаштағылар» қазақ өлкесін Сібір автономиясына тең құқылық негізінде кіргізе отырып, Ресей қурамына Федерациялық негізде кіруді жақтаған. «Үш жүздіктер» «Алаш» партиясымен салыстырғанда солшыл бола тұра басқа бағыт ұстады. «Үш жүз» газетінің әр санында «Жасасын түрік татар балалары». Біздің туымыз-түрік-татардың Алла тағала жасап берген туы» – деп, мәлімдеуі көп нәрсені аңғартып, қазіргі Қазақстанға жақын саясат ұстанған. «Үш жүз» партиясының ұстанған саяси бағыты туралы Қ.Кеменгерулы кезінде былай деп санаған «...«Үш жүздің» адал саяси партия емес екеніне мынадай дәлел қоямын: 1) партияға мүшелікке «қырыпсал байларды, жуандарды алды (Айдарбековтар т.б.); 2) бұқарашиб, кедейшіл болып отырып, съезге қазактың нағыз байларынан, жемқорларынан бадырайтып отырып атын атап, уәкілдерді шакырды; 3) ұлт айырмашылығына қарсы большевик партиясымен тізгіндең отырып, «Сары орыстың бәрі-бір орыс, хохолды ердің алдыңғы қасына отырғызбаңыз» деп програм қойды; 4) діншілдік ұранын көтерді (мұның бәрі ол кезде «Үш жүз» газетінен окушыларға мәлім».

(Тандамалы. Алматы, 1996, 73 бет). Кеменгерұлы «Үш жүз» партиясын санау үшін айтса да бұл партияның ұстанған саяси бағытына анықтама бола

алады. Сондықтанда партияның құрамында діншілдер де, байлар да болды. «Уш жүз» партиясы мен К.Төгісовтың өмірі мен қоғамдық қызметін зерттеуші Б.Елкеев те партияның құрамында жалпы саны мынға тарта, оның ішінде Петропавлда – 200, Омбыда – 450-дей мүше болғандығын атап көрсетеді.

Партия 1918 жылды қантарда Омбы қаласында 200 делегат қатынасқан конференциясын өткізеді. Конференцияда К.Төгісов «Қазіргі кезеңдегі жағдай туралы» деген тақырыпта, Мәлік Айдарбеков партияның есеп-қисап жұмыстары туралы баяндама жасайды.

К.Төгісов дербес партияның басшысы ретінде В.И.Ленинмен тікелей қарым-қатынаста болғандығын дәлелдейтін деректер баршылық. В.И.Ленинге болып жатқан жағдай туралы баяндай келіп, жеделхаттың сонында, қазақ даласындағы контрреволюцияға қарсы күресуге көмек сұрап, К.Төгісов деп қол қойған.

1918-1919 жылдары Қазақстанның Солтүстігі мен Шығысы аз уақыт контрреволюцияшылдардың қолында болады. Осы кезде Колчактың әскері большевиктермен бір бағытта қызмет еткен Қазақ социалисттік партиясының басшыларын тұтқындейді.

1919 жылдың күзінде Колчактың бүйрекімен К.Төгісов Омбы түрмесінде қамалып қаза табады. Міне, К.Төгісовтың қысқаша өмір жолы осындай сипатта.

Оз кезінде өлеңдер, пьесалар жазумен де айналысқан. 2003 жылы Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыштарының мұрасын зерттейтін «Арыс» коры Көлбай Төгісов шығармаларының жинағын басып шығарды.

ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ АИДАРБЕКОВТАР ҚӨЛБАЙ ТӨГІСОВПЕН ҚАЛАЙ ТАБЫСТЫ.

Көлбайдың немере інісі Мұсылманбек Төгісовтың айтуы бойынша, Төгістің бәйбішесі Қажы апа (шын аты Иса, қажылыққа барған) өзіне күтүшілікке қонысы іргелес Тәуке деген кісінің жас қызын ұстайды. Төгіс бозбалашылық жасап, қыздың аяғы ауыр болып қалады. Тоқалдыққа алуына бәйбішесі көнбейді. Ақылды, адудынды абыройлы бәйбіше болғандықтан ешкім қарсы шыға алмайды да екі қабат қызды төркініне қайтарады. Қазақтың ежелгі жол-жорасында ұл баласын жат жүртқа, бөтен босағаға жібермеу – бұлжымас заң болған. Сол салт бойынша 5-6 жасар Қөлбайды Төгістің бәйбішесі қолына алып тәрбиелеуге мәжбүр болады. Баланы үй шаруасына пайдаланады. Көлбай 11-12 жасқа толғанда әбден сынап болған Төгістің бәйбішесі: «Балам, сенің көзінде от жайнайды, жүргін шайлықпайды, сөзге шеберсің, жүріс-тұрысын пысық, ұршықша иірілесің, алғырсың, сені үлкен болашақ күтіп тұр. Астыңа әкен Төгістің төл атын мінгізем, қойныңа ақша, қоржыныңа азық саламын. Жақын жерде Зайсан қаласы бар, сонда оқу оқы, өз бетімен күнінді көр, кім біледі мен өмірден өтіп кетсем, жағдайың қыын болып қалар, - дейді. Әкеден өлі, шешеден тірі айрылған Қөлбайдың жетімшілік өмірі басталады. Зайсан қаласында орысша оқып, әрі жұмыс істеп жүрген жетім бала Куницкий деген Ояздың қаласымен танысады. Сабакқа алғыр, жұмысқа пысық, ақылды бала Оязға ұнап қалады да балама серік болсын, әрі күтүшісі болсын деп колына алады. Ояз қаласын Орынбор қаласына заң окуына жібергенде Қөлбайды да бірге жібереді. Осы кезде Петропавл уезіне қарасты Келтесор болысының

(қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты жер) болысы Ідіріс Айдарбеков те Есілкөл қаласының орыс школасын бітірген баласы Мәлікті (Мәлғаждар) осы оку орнына әкеледі. Әкелі-балалы Айдарбековтардың Көлбаймен таныстыры, достығы осы уақыттан басталады. Қажылыққа екі рет барған, діншіл Ідіріс қажыға Көлбайдың да дінге беріктігі ұнайды. Көлбайдың болашағынан зор үміт күткен қажы Мәліктің Көлбаймен достас болуын қалайды. Екеуі Орынбор қаласында бірге оқиды, каникулда Ідіріс қажы ауылы Майбалықта бірге дем алады. Екеуінің достығы өмірлерінің соңына дейін сакталған. Мұрахат құжаттары бойынша араларындағы берік достықтарына бір мысал келтіреік. Көлбай 1919 жылы Омбыдағы Колчак түрмесінен қашып шығады. Алашордашылардың айтуымен сол кезде Келтесордың болысы болып жүрген Мәлікті Көлбай үшін Колчак үкіметі кепілдікке алғып, қамап тастайды. Көлбай өзі келіп берілмесе, орнына Мәлікті жазалайтынын хабарлайды. Мұны естіген Көлбай өз еркімен келіп беріледі. Бұдан кейін арада 4-5 ай өткенде Көлбай түрмеде науқастан қайтыс болады.

Орынбордың орта дәрежелі заң окуын бір жылы аяқтаған Көлбай мен Мәліктің өмір жолы екіге бөлінеді. Көлбай Қарқаралы қаласына келіп авдвокат болады, кейін саясатпен айналасады. Мәлік қатал әкенің уысынан шыға алмай, ғылымға, саясатқа жақын болса да қартайған әкесі Ідірістің орнына ел басқарып, Келтесор болысының болыссытығына сайланады. Бірақ араларындағы қатынас үзілмей, хабарласып отырады.

Көлбай 1909-1912 жылдар аралығында патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге ұшырайды. Семипалат облысыныда түру құқынан

да айрылады. Осындай қиын уақытта Айдарбековтар отбасыларын паналаған.

МӘЛІК АЙДАРБЕКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

Тарихтан XX ғасырдың бас кезінде демократиялық бағыт ұстанған қазақ тіліндегі газет-журналдар дүниеге келе бастағанын жақсы білеміз. Ел болашағына аландыған қазақ интелигенттерінің басым көпшілігі осы баспасөз төңірегіне топтасты. Олардың қаламынан шыққан пікірлер бір мақсатқа тоғысып, ортақ қоғамдық ойдың арнасына құйылып жатты. Қазақ зияялышарын толғантқан басты мәселе-тәуелсіз мемлекетке қол жеткізу, қазақ жастарын оку-білімге шақыру еді. Мәлік Айдарбеков та осы зияялышар қатарында болды. Көлбайдың да демократтық көзқарасының әсері болар, әсіресе, Көлбай Төгісов шығарған «Алаш», кейін «Үш жұз» газеттеріне публицистикалық мақалалар жазып тұрды. Діншілдік, демократтық бағыттағы әкелі-балалы Айдарбековтар Келтесор болысында мешіт-медірессе, орыс-қазақ мектептерін салдырды, балаларды оқытуға мұғалімдер жалдап, ел ішінде оқу-ағарту жұмысына көп көніл бөлді.

Көлбай Төгісов «Үш жұз» партиясын, оның органы «Үш жұз» газетін шығаруда Петропавл қаласын таңдал алуының басты себептерінің бірі – осы әкелі-балалы Айдарбековтардың көмегі еді. Жоғарыда К.Кеменгерұлы айтқандай «Үш жұз» партиясының құрамында әртүрлі топтар: байлар да, кедейлер де болды. «Үш жұз» партиясы жоғарыда айтылғандай алғашында большевиктер партиясын мойындалап, Колчактарға, «Алаш» партиясына қарсы күресте большевиктермен бірге болды. «Алаш» пен

«Үш жұз» арасында бітіспес саяси күрес жүріп жатты. «Алаш» партиясы да Петропавл қаласында «Үш жұз» газетіне қарсы «Жас азамат» газетін шығарды. «Жас азамат» газетінде «Соғыс майданынан» деген ірі жазудың астында мынандай хабарлар тұрды. «Большевиктер енді ұзақ жасамайды. Енді көп болса, жеті-ақ күн өмірі қалған шығар. Колчак, Дутов, Юденич, Деникин ... сияқты ардагерлер тұрғанда біздің «Алты Алаш» большевиктерге жем болмайды...» – деп жазды Сәбит Мұқанов сол кездегі саяси жағдай туралы.

«Үш жұз» газетінің әр санында Мәлік Айдарбековтың мақаласы жарияланып, газеттің сонына «Газет демеушісі Айдарбековтар», – деп жазылған. «Үш жұз» партиясы және газет туралы Сәбит Мұқанов былай деп жазады: «1918 жылдың мартаңдан бастап май айына дейін Петропавлда шыққан «Үш жұз» газетінің бірнеше нөмірі Торсан үйіне де келген еді. Сол газеттің сегізінші нөмірінде «Алаш» партиясында жүрген ку табындардың мұрындары қанап жарға құлады» деген бас мақала шықты. Мақаланың авторы Көлбай Төгісов Алашорданың басты адамдарын сыйбай жамандаған...

Екі жарым айда азғантай ғана сандары шыққан «Үш жұз» газетін оқысақ, бұл партияның да ұлтшылдық бағытта ұйымдастырын көреміз. Программалық жағы эсер партиясына келеді. «Үш жұз» Петропавлдағы Совдеппен бірігіп қызмет істеген де, 1918 жылы чехославактардың Сібірде революцияға қарсы жасаған перевороты болғанда Совдеп адамдарымен бірге «Үш жұздің» адамдары да абақтыға алынып, бастығы Төгісов қып, Колчак олардың көбін атқан» - Сәбит Мұқанов. («Өмір мектебі», 9 том, 466 бет).

Сәбит Мұқановтың жазғанында Омбы

қаласында уақытша билікке ие болған Колчак үкіметі «Алаш» партиясының айдап салуымен Төгісовты қамауға алышп, басқа мүшелерін сотсыз атып, қуғын-сұргінге ұшыратқан. «Алаша» партиясы «Үш жұз» мүшелерінің және осы партияға бүйрекі бұрган адамдардың тізімін берген, осы тізім бойынша Колчак үкіметі жазалау жүргізген. Ідіріс қажыны өз үйінде отырған жерінде атып кеткен. Ідіріс қажының өлімі тралы мынадай дерек көздері бар.

Жазушы Сергей Баймухамбетов «Загадка потомка Каракесеков» («Северный Казахстан» 4.02.1994 г.) деген мақаласында былай деп жазады: «Легенда гласит, что как раз гордость и стала причиной трагедии девятнадцатого года. Якобы один из колчаковских командиров, чьи войска расположились в ауле Идриса-хаджи, вызвал старейшину к себе. Патриарх, конечно, оскорбился и отправил гонцов назад с подробнейшими разъяснениями, кто и кому должен являться. А кончилось все расстрелом. Какие, к черту, казахские церемонии, когда есть маузер и трехлинейная винтовка». Сергейдің бұл жазғаны Ідіріс қажыны Колчактардың атқанына ғана аныктама бола алады. Ал, Ідіріс қажының Колчак командирінің, яғни қарулы үкімет адамының шақырғанына бармауы, Колчак армиясы адамының шақырғанда келмегені үшін атып тастауы жазушының киялышын шыққан деуге болады. Жазушының Ідіріс қажы өліміне терең бойламағаны, саяси төркініне мән бермегені анық көрініп тұр. Ел аузындағы Ідіріс қажы туралы кейбір әңгімелерде байлығын тонау үшін өлтіріпті деп те айтылып жүр. Бұның бәрі сол кездегі саясатты, оқиғаны дұрыс бағаламаушылықтын шыққан.

Ідіріс қажыны колчактардың не себепті атқанын жоғарыда жазсак, қалай атқанын баласы Мәліктің өз

қолымен жазғанынан оқыық. Алматы қаласындағы Республикалық мұрахатта (архивте) кор-135, тізбе-1, Іс-379. «Дело по конфискации хозяйства и выселению бая 8-го аула Бейнеткорского района Петропавловского округа Идирисова Малика» деген 148 беттен тұратын іс (дело) бар. Осы істе Айдарбеков Мәлік Ідірісұлының Бүкілrossиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына жазған хаты бар. Осы хаттан әкесінің өліміне байланысты уақиғадан үзінді келтірейік.

«Я и отец мой Идрис Айдарбеков были одними из деятельных членов этой партии («Уш жуз»). С водворением в Сибирии Колчаковской контрреволюционной власти деятели контрреволюционной партии «Алаш Орда» поспешили донести Колчаку о признании и приобщении партии «Уш Жуз» во главе с Тогусовым к Советской власти. Поэтому, в 1918 году Колчак распорядил арестовать Тогусова в Омской тюрме и Тогусов был взят под стражу. Во время декабрьского восстания Омских рабочих против Колчака Тогусов сумел бежать из Омской тюрьмы, но он был задержан «Алаш-Ордой» и выдан ею Колчаку, который и распорядился убить Тогусова жестокой мученической смертью. Я же тогда был задержан-арестован Колчаком в качестве заложника впредь до поимки Тогусова. Расправившись с Тогусовым Колчак снарядил карательную экспедицию для разгрома партии «Уш жуз» в том числе меня и моего отца Идриса, эта карательная экспедиция застала нас (меня и отца) дома врасплох, расстреляли отца Идриса Айдарбекова и, считая меня также убитым шашкой, оставила меня на месте, изранив меня изрядно. Дом же наш был ограблен до тла. Я однако уцелел, притворившись убитым. Таким образом за преданность Советской власти, отец мой

был убит Колчаком, а я был изранен до полусмерти, и спасла меня лишь одна оплошность палачей».

Колчак үкіметінің Ідіріс қажыны өлтіргенге дейінгі азабы да аз болмады. «Алаш Ордашылдардың айдал салуымен Есілкөлдегі Колчак үкіметі Айдарбековтардың өрістегі малдарын есепке алғып, сұраусыз алғып отырды. Ідіріс қажының құдасы Қара Баймағамбеттің де малына қол салды. Екі байдың қара малдарын ашыққан солдаттарына сойып беріп отырса, жылқыларын атты әскерлеріне мініске тартып алды. Ақтардан зорлық көріп, көнілі қалған Қара Баймағамбеттің 1919 жылдың күздінде М.Н.Тухачевский басқарған 5 Қызыл Армияны Петропавлда қарсы алғып, ашыққан армияға көмектесуінің себебі де осында жатыр.

Қазан айының соңында Тобыл, Ишим қалаларын колчактардан тазартып келе жатқан М.Н.Тухачевский басқарған Бесінші Қызыл Армия Петропавл қаласын азат етіп, «Омбыны аламыз!», «Сібірді босатамыз!» деген ұранмен Омбыға бет алды. Қызыл армия Лебяжье, Қарақоға бекіністерінде жол тосып жатқан колчак армиясын талқандап, 500 Колчактарды тұтқындап, 120 мың бұт бидайын тартып алды. Булаев, Лебяжье, Келтесор болыстарын, Есілкөл қаласын азат етіп, алынған жерлерде Ревкомдар құрды. Келтесор болысының болысы болып келген Мәлікті қайтадан болыстыққа сайлады. 1921 жылды Қелтесор ревкомының басқармасына сайланды.

1921 жылдың февраль айында Қорған, Ишим, Ялутор, Петропавл, Көкшетау, Қостанай ак армияның тығызып жүрген офицерлері мен генералдарының ұйымдастыруымен бай-кулактардың қарулы көтерілісі болғанын тарихтан білеміз. Бұл көтеріліс орыс әдебиетінде «Ишимское восстание»

деп те аталды. Бұл көтеріліс Омбы бағытында Есілкөлге дейін жетті. Булаев, Лебяжье, Келтесор болыстарында коммунистерді сотсыз атып тастанап отырды. Ревкомдар ЧОН отрядтарын құрып қорғанысқа көшті. Мәлік Айдарбеков ұйымдастырған Келтесор отряды Көкшетаудан шыққан бандалармен ашық соғысты. Бұл жөнінде жоғарыда аталған хатында: «Не говоря вышеизложенного, я в 1921 году был избран председателем Келдисорского волревкома Петропавловского района и заявил себя деятельным Советским агентом, что доказано тем, что я во время налеты Кокчетавских бандитов не боялся во время схватки убить одного из них и задержать другого. Это обстоятельство известно тогдашнему уполномоченному Акмолинского Губчека тов.Лосеву» – деп жазды.

Өзінің хатында жазғанындай, Мәліктің Келтесор болысы ревкомының төрағасы болғанын анықтайтын құжаттар жетіп артылады. Петропавл облыстық архивінің фонд – 55, Тізбе – 1, Іс – 53. «Список делегатов Акмолинского губернского съезда (21.08.1921)» атты құжатта 168 съезд делегаттары тізімінде 78-інші болып тіркелген. Петропавл архивінің фонд-5, Тізбе-1, Іс-185. «Протоколы, анкеты и списки членов Келтисорской волости» деген құжатта мынадай мазмұнды хат сакталған:

«В Келтисорский волисполком:

Настоящим информационную инструкторского п/отдела Отдела управления Акмолгубисполкома предлагает с получением сего немедленно выехать в гор.Петропавловск и прибыть в Губинфинстр не позже 25 января 1922 года. За неисполнением сего и за несвоевременную явку будут виновные передать суду.

Примечание: Явится председателю

тов.Айдарбекову и Секретарю тов.Тастемирову

обязательно.


Завгубинфинстром п/отд.
Секретарь».

1922 жылдың басынан бастап болыстық ревкомдар таратылып, болыстық атқару комитеттері құрылады. Мәлік Ідірісұлы Келтесор ревкомның төрағалығынан осы болыстың атқару комитеті төрағасына сайланады. Оны анықтайтын өз қолымен жазылған қолхаттың ксерокөшірмесін бердік.

Ксерокөшірме. Подписка.

Мәлікті 1923 жылы Ақмола губерниясы бойынша өткен болыстар сайлауында Қазан төңкерісіне дейін патшалық Ресей кезінде ел басқарды, әкесі Ідріс бай болды, қажылыққа барды деп сайлау тізіміне енгізбеді. 1923 жылдан 1928 жылға дейін атқарған қоғамдық қызметі туралы деректер жок.

1928 жылы Петропавл округы бойынша 30 дан астам ірі байларды жер аударады. Осы байлар тізімінде Ідірісов Мәлік те бар. Мұрахаттағана сакталған осы тізімді толық беріп отырмыз.



Выписка из списка баев и бывших царских служителей,
подлежащих выселению с конфискацией имущества,
за пределы Петропавловского округа от 10 сентября
1928 года.

Бекмухamedов Нигмаджан, 60 лет	Утвержден
аул № 3	Крайкомиссией
Хасанов Джолдасбек, возраст не установлен,	
аул № 1	то же
Азнабаев Абжан, возраст не установлен,	
аул № 1	то же
Кенжегарин Щукум, возраст не установлен,	
аул № 4	то же
Байтиков Аббас, возраст не установлен,	
аул № 5	то же
Закриев Курмангоджа, возраст не установлен, аул № 8	взбуждено ходатайство

По Энбекшильдерскому району:

Сатыбаев Жабай, 30 лет, аул № 1	Утвержден
	Крайкомиссией
Омракулов Шарип, возраст не установлен,	то же
аул № 3	
Джуманов Альжан, возраст не установлен,	
аул № 3	то же
Хасенов Беккужа, возраст не установлен,	
аул № 1	то же

По Тонкерейскому району:

Альтиев Садвокас, 40 лет, аул № 2	Утвержден
	Крайкомиссией
Арбабаев Абдер, 60 лет, аул № 3	то же
Рамазанов аблай, 45 лет, аул № 4	то же
По Октябрьскому району:	
Мужиков Нурагы, возраст	
не установлен, аул № 1	Возбуждено
Макинов Мухамеджан, возраст	
не установлен, аул № 12	ходатайство
	то же

По Бейнеткорскому району:

Джумабаев Ахмеджан Нурмухамедович,	Утвержден
35 лет, аул № 6	Крайкомиссией
Идрисов Малик, 40 лет, аул № 8	Возбуждено ходатайство
Балгужины: Зейнулла 55 лет	Утверждены
Садвокас 35 лет	Крайкомиссией
Абай 50 лет, аул № 1	
Каймуллин Ибни, 55 лет, аул № 1	то же
Майкутовы: Баймухамед возраст	Утверждены
Хасанбай не установлен,	Крайкомиссией
проживают в г.Петропавлоске, по ул. Ильинской	
	в собственном доме
Анамбетов Исамберды, 70 лет, аул № 7	то же

По Кзыл-Аскерскому району:

Нурпессов Мухамедгалий, 55 лет, аул № 1	то же
Саберлин Джилкибай, 68 лет, аул № 8	то же
Каюнов Тасан, 55 лет, аул № 9	то же

По Кзыл-Туускому району:

Абдрахимов Садвокас, 48 лет, аул № 4	то же
Джанигалин Салим, 55 лет, аул № 9	то же
Джанигалин Касым, возраст не установлен,	
аул № 4	то же
Ташимов Шамиль, 65 лет, аул № 2	то же
Шаймердеев Аубакир, возраст не	Возбуждено
установлен, аул № 3	ходатайство

Начальник Петропавловского Округа

ОГПУ (Объед. Гос. Полит. управления)

/Валини Э.К./

Ст. уполномоченный ВО

/Валиев/

Выписка верна: Зав.отделом

Обл.госархива

М.М.Мелехин

Примечание: В списке значатся также имущественное положение выселяемых (наличие скота, инвентаря т.д.), а также дается характеристика деятельности бая в дореволюционный и послереволюционный период времени.

Петропавл округтік атқару комитеті Мәлік Ідірсұлына жер аударап алдында мынадай мінездеме береді:

«Идрисов Малик – лет сорок. Бай. Раньше в Николаевское время был волостным управителем. Является крупным торговцем. Имел торговую связь с Москвой и Петроградом. Он по несколько раз присваивал кредиты гос.торговых учреждений. Привлекался к суду. Имеет две жены. Имеет 4-х наемных рабочих. Пользуется большим экономико-политическим влиянием в пределах бывших трех волостей». (фонд – 1370, опись 3. Выписка из доклада об итогах компаний конфискации в Бейнеткорском районе. Характеристика баев).

Әрине, округтік атқару комитеті өз істерінің дұрыстығын көрсету үшін барынша жаман мінездеме жазған.

Мәлік Ідірсұлы Ақтөбеге жер ауып барғасын Петропавл округтік атқару комитетінің жазықсыз жер аударғанын накты деректермен дәлелдеп, Бүкілrossиялық атқару комитетінің президиумына, ВКП(б) Орталық Комитеті мен Саяси Бюросының генералдық секретары Сталинге шағым хат жазды. Бұл шағым хаттарды Алматы архивінің 135 кор, 1-тізбе, 379 ісінен алдық. Екі хаттың көшірмесін жазып отырмыз, өйткені осы екі хаттан оқушы Айдарбековтар жайлы көп жайытты анғара алады. Мәлік Айдарбековтың саяси сауатты, өжет адам екенін айтпас бұрын сол кездегі тарихи жағдайға тоқталайық.

Қазақстанда тоталитарлық жүйенің берік орын алуы Ф.Голощекиннің үкімет басына келуімен (1925-1933 ж.ж.) тығыз байланысты. Ауылдарда Совет үкіметі орнаған жок деп, «Кіші Октябрь» төңкерісін жүргізіп, қысқа Уақытта отырықшылыққа

(коллективендіру) көшіру саясатын жүргізді. Бұл саясатына қарсы болады деген озық ойлы ел басшыларын құғынға ұшыратты. С.Садуақасов, С.Қожанов, С.Сейфуллин, М.Мырзагалиев, Нұрмақов, С.Мендешов, Ж.Мыңбаев сияқты ел басшыларын «ұлтшыл» деген желеумен 1926 жылдары қызметтен, елден куды. 1928 жылдың аяқ кезінде А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев екі жылдан кейін М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов сияқты алдыңғы қатарлы ұлт өкілдерін тұтқынға алды. 700 ден астам ірі байларды тәркілеп, жер аударды. ОГПУ-дің мәліметі бойынша бұлардан басқа 1922-33 жылдар арасында бұлардан басқа үкімет саясатына қарсы болды деп 33 мың адам қамауға алынды. «Кіші Октябрь», колективизацияция саясатының нәтижесінде Қазақстандағы қазақтардың саны 50% кеміді.

Көршілес Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Тәжік республикалары бұндай нәубетсіз, бұндай апартызызақ, бұндай шығынсызызақ колективизация қайшылықтарын жеңе білгенде Қазақстанның осындай жағдайға ұшырауы тек үкімет басшысы Ф.И.Голошекиннің кінәсінен болды. Орыстардың мұжығынан басқа шаруа көрмеген Голошекинге ең кедей деген көшпендерінің отыз-қырық ұсақ малы, төрт-бес ірі қарасының болуы шектен тыс байлық болып елестейді.

Пролетариаттың социализм құруға болмайды, Октябрь революциясы қазақ даласында болмапты деп Сталинге хат жазады. Сталин бұл идеяны қызу қолдап бұрыштама қояды. Сонымен 1928 жылы бүкіл Совет елінде жеке шаруаларды коллективтендіру басталғанда, Қазақстанда Ф.И.Голошекиннің басшылығымен «Кіші Октябрь революциясы» басталады. Голошекиншілдер жалаңаш батрактарды қолына мылтық беріп атқа отырғызады. Сөйтті де

малы бар халыққа айдап салды. 300-ден аса малы бар үйлерді «байлар» деп шаңырағын ортасына тұсірді. Малдарын тартып алып елден куды, жер аударды. Сәл дауыс көтерген бай, қожа, молданы қолдарына шексіз билік тиғен белсенділер, әсіреке, орган қызыметкерлері сотсыз, тергеусіз атып та тастап жатты. Мал ұстаудан басқа кәсібі жоқ казақ халқының мал бірден-бір тіршілік көзі екенін білмеді. Әр халықтың жергілікті ерекшелігін есепке ала отырып, бұл науқанды асыра сілтеусіз, белден баспай, үгіт-насихатпен жүргізгенде қазақ халқы бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшырамаған болар еді.

И.В.Сталинге жазған хатында Мәлік Ідірісұлы Қазакстандағы жағдай туралы былай деп жазды: «Мы Казахи – переживаем ныне этап разлагающегося родового быта, из скорлупы этого быта мы еще не вылупились. Мы казахи в силу сложившейся счастливо об, активной политической обстановки, созданной Октябрьской революции, избегли грозившего при царизме этапа рабства, также этапов феодализма и капитализма и казахи минуя муки рождения этих этапов, свободно, легко и безболезненно могут воспринять социалистический строй при условии разумного и умелого подхода к делу со стороны местных партийных, советских и хозяйственных организаций и при условии строжайшего соблюдения принципов преподанных 15 съездом партии и последовавших за ним Пленумов ЦК ВКП(б).

Переход же от родового быта к социализму не представляет таких особых мук, так как в самом родовом быту содержатся все начала патриархального коммунизма, нуждающегося в разумном руководстве диктатуры пролетариата и в

научном оформлении.

Если мы ошибаемся в наших взглядах на дело, то мы просим Вас, тов. Сталин, извинить нас в том предположении, что мы говорим Вам все это от чистого сердца без задних мыслей по нашему разумению.

Мы полагаем, что Казахстан в отношении нас допустил ошибки, что просим Вас иметь всегда в виду».

Хаттың мазмұнына қарағанда Мәлік сауатты, саясатқа да жетік болған. Екіншіден, Сталиннің сол кездерде сенімді адамдарының бірі деп саналған Голощекин басқарған Қазақстан үкіметін «қателесті» деп Сталиннің өзіне жазуы барып тұрған батылдық, екенін бірі істей бермейтін іс.

Мәлік Ідірісұлы «Голощекин қателесті» деп 18.12.1928 жылы Ақтөбе қаласынан жер ауып жүрген уақытта жазған. Бұл уақытқа дейін Қазақстанда колективтендіру жұмысында қателік жіберілді, халықты жазықсыз жер аударды деп Сталинге, не Голощекинге Мәлік Ідірісұлынан бұрын хат жазған басқа адамды тарихтан кездестіре алмадық. Рас, 1932 жылы F.Мұсірепов, M.Ғатаулин, M.Дәuletқалиев, Қ.Куанышев, Е.Алтынбеков ВКП(б) Орталық Комитетіне Қазақстанда колективтендірудің лениндік принципін бұзу орын алып отырғандығы туралы хат жазған. (Бұл «Бесеудің хаты» деп аталып кеткен).

Қазақстандағы осы сияқты теріс саясатпен, аштықпен белсене күрескен – партия қайраткерлерінің бірі – сол кездегі РСФСР совнаркомының орынбасары, белгілі революционер Тұrap Рысқұлов Сталинге екі рет хат жазған. Бірақ бұлардың бәрі 1931-1932 жылдары жазылған.

Мәлік Ідірісұлының ол кезде «тәжірибелі

большевик, Сталиннің серігі» атанған Филипп Голощекиннің атына сын айтып, Сталиннің өзіне жазуы айға балта сілтеумен бірдей болатын.

Мәлік Айдарбеков ВКП(б) Орталық Комитеті мен Саяси Бюросына, Бүкілrossиялық Орталық Атқару комитетінің президиумына КазЦИК-тың және Петропавл округтік атқару комитетінің жазықсыз Ақтөбе қаласына жер аударғаны туралы шағым хатын өз атынан ғана емес, өзімен бірге жер аударған Бейнетқор ауданының 8.10 ауыл тұрғындары Сұлтан Абдрахимов, Баймұхамед Майкотов, Ҳасен Баймұхамедов, Құрманшаих Майкотов, Дәмелі Майкотова, Исаамберды Тоқымбетов, Тасмағамбет Тоқымбетов, Жылқыбай Сабырдинов, Нұрғали Жылқыбаев, Темірғали Жылқыбаев, Ахметжан Нұрмұхамедов, Ибел және Жұніс Қаймуллиндер атынан да жазған.

Бірақ, жазылған шағым хаттар нәтиже бермеді, өйткені Петропавл округ атқару комитеті жоғары жаққа бұл кісілерді тап жаулары деп жағымсыз жауап берді. Мысалы Мәлік туралы Сталинге: «Революцияға дейін әкесі Ідіріс екеуі патша үкіметіне қызмет етіп болыс болды, атақты байлар, кедейлерді қанады, Ідіріс Мекеге барды» – деп телеграммамен жауап берген. (қор-135, тізбе-1, Іс-379). Мәліктің Ақтөбедегі өмірі туралы ешқандай дерек жоқ, ел аузындағы әңгімелерге қарағанда тиісті уақытын атқарып 1932 жылы босатылады.

Ақтөбеде жер ауып жүргендеге өлеңмен елге жазған хаты:

Откен күн, көрген қызық түсті еске,
Зарығып біз отырмыз күнде кешке.
Откенді мысал қылып жаздым өлең
Жамиғат бұл қалай деп айып етпе.

Жаратқан хақтағала күн мен айды,
Қасірет, ауыр қайғы сөз қозғайды.
Дағдырда жазған іс өзгерілмес,
Күдай досты пайғамбардан біз қалайды.

Атамыз өткен екен керей-уак
Сөйлеймін білгенімді салсан құлақ.
Олар да өз тұсында кем болған жоқ
Бақ-дәulet ғұмырынша кімде тұрмақ.

Уақта белгілі еді Қамбар атам,
Сөзімде осы айтқан барма қатам.
Ерегіскен дұшпаннан кегін алып,
Қалмақты Назым үшін қырып салған.

Екінші болды батыр тағы Кекше,
Соғысты жауларымен нағыз ерше.
Жаулықкан қалмақтарды бет қаратпай,
Бір сызыра батырлықпен ғұмыры өтті.

Қазақты асырады тұлпарымен
Екінші қолындағы сұнқарымен.
Адам ғып алты алашты өркендетіп
Сол үшін аты қазақ соңына ерді.
Бір күні жауыз ажал қуып жетті
Атамыз Қобыландыға қаза жетті.

Асылдан болат туып Қосай батыр
Салыпты дұшпанына заман ақыр.
Өлтіріп Қобыландының кегін алып,
Бақ – дәulet, құрды басқа алтын шатыр.

Үшінші болды батыр Баян-Сары
Қозғалды қасіреттен сөздің зары.

Қасында Абылайдай ақылшы боп,
Бағынды бұларға да жұрттың бәрі.

Өтіпті бұлардан да дүние солай,
Кім өтті бұл дүниеден бір тосылмай.
Уақтың шалқақтаған еркесі едім
Бұл күнде жабырқатты патша құдай.

Қайран ел сағынамын сіздерді ойлап,
Қасірет толып жатыр іште қайнап.
Өткен күн қайта айналып келермекен
Жабыққан көңілдегі қайғыны айдал.

Мен жүрмін Ақтөбенің қаласында,
Сыйынып бір алланың панасында.
Бақ-дәulet ағайынның құрметімен,
Сыймаушы ем Сарыарқаның даласына,
Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ
Аз ғана бақ-дәuletтің жаласына.

Дариха жауыз тағдыр қайталадың,
Алмаған бақ-дәuletті еш қалмадың.
Қатын-қалаш үй-ішін түгел айдал
Жылаған балаларға көз салмадың.

Жанатай Тұрашпенен асыл затым,
Тұрашқа көңілімде бар ғой дәтім.
Сарғайып сағат сайын күтсемдағы
Сонда да бір келмеді жазған хатың.

Бірінші дүғай сәлем Сағит аға,
Кетіп тұр осы күнде бізден баға,
Кез болды түрлі қаза бұл шағында
Қайырын берсін сізге хақтағала.

Дос күрбым замандасым Мұқан мырза
Мен үшін бір жаңыңды қылдың жеда.
Ардақты Нұрмұханбет, Қасен, Бейсен,
Сіздерге өлгенімше мен риза.

Ардақты Орынбасар ағатайым,
Біз кетіп сіздерге тұсті уайым.
Тілегін екі жақтың қабыл етіп
Үйірге қосар ма екен бір құдайым.

Нұрпейіс, Шахан менен Қоржынбайға
Бір жүріп ойнап құлген заман қайда.
Зарығып сіздерді ойлап жатқан жүрек
Білмейтін не боларын, қандай жәйда.

Хат-хабар мен күтемін бәрінізден,
Өлгенше бұл дүниеден күдер үзбен.
Бақыл бол үлкен-кіші замандасым
Қоштасу амандасу енді бізден.

Болғанда заман дауыл, басым қаңбақ,
Жел қуған жаққа қарай домаламақ.
Тапсырып тәуекелге белді байлап,
Дариха мухмин адам мойында мақ.

Мәпидей жалғыз бауыр қалды артта
Зарланып жылағаны батты жанға.
Біз кеттік тәуекелге белді байлап,
Зар жылап қала берді Қызылжарда.

Жылаған көздің жасы шығын заман
Болып тұр жылағаның ызындаған.
Бір алла тілегінді қабыл етсін
Не айтам одан басқа бауырым саған.

Өткен күн қылған қызық түседі еске,
Зарығып біз отырмыз күнде кешке.
Назым қып бір-екі ауыз жаздым сәлем
Жамиғат бұл қалай деп айып етпе.

Жазушы Мәлгаждар менің атым
Тарихта белгілі еді арғы затым.
Шыға алмай қыр басына ойда отырып
Қасіретпен ағайынға жазған хатым.

Күрең ат, аңылы шоқ жерім қалды
Қарауыл, керей-уақ елім қалды.
Бірге өскен кішкентайдан бауырларым
Тыңдаши құлақ салып біздің зарды.

Мұрнымнан Келтесордың исі кетпес
Көруге шоғаларды көзім жетпес.
Өтсе де неше заман көрге түспей
Түсімнен бауырларым өні кетпес.


Бауырлар, көп болды көрмегелі
Бар шығар ренжіткенім кей бірінді.
Сен үзген шынар ағаш бұтағындау
Толқынмен ағып кеткен біз бір мұнды.

Әміржан, Қапизамен құлым-ай
Сорыңа кездестірді мына құдай.
Үш үйді қатар тігіп толықсыйтын
Заманың не болады бұдан былай.


Елубай саған аманат осы өлеңім
Аяды қолдан келсе кім өнерін.
Еліме анық оқып түсіндірші
Тартылмай шаршы топта кеменгерім.

Қаламым тоқта енді, сөзім қысқа,
Сондай-ақ, жүйрік емен сөзге ұста.
Бар шығар арасында көп қатесі
Тар жолда, тайғақ кешу ағысында.

Өлең 50 шакты шумақ екен. Мәпидің қызы
Кенжетай ана есінде қалғанын қағазға жазғызып
қойған екен. Мәлік Айдарбековтың суретін де осы
кісіден алдық.



Мәлік Айдарбеков ұрпақтары





Абай Мәлікұлы әйелі Надымен бірге



Солдан оңға қарай Шәрбан Мәлікқызы,
Мәрияш Мәлікқызы, Тася Оразғали әйелі.



1) Сәлтай, Уакыш (туысы); 2) Венера, Айсұлу, Елік, Болат (Ораз балалары, Сәлтай әйелі Сақыш); 3) Қайыржан (нагашылары) Шәмел, Оразғали, Тася.



Болат Оразғалиұлы отбасымен




Марат Исқақов «Тұған жер»
 фирмасының президенті



Марат Исқақовтың жолдасы Ләzzат
балаларымен бірге



Солдан оңға қарай Манаrbек Ақышұлы,
Әміржан Мәлікқызы, Манаrbектің жолдасы
Райхан Әшімқызы, қызы Айнаш



Солдан оңға қарай Жандарбек, Роза,
Манаrbек Әміржан Ақыш балалары.

МӘРИЯШ МӘЛІКҚЫЗЫ ҰРПАҚТАРЫ

Мәлік Айдарбековтың үлкен қызы Мәрияш өте көрікті, он саусағынан өнер тамған шебер болған. Мәрияш Баба әuletінен шыққан Досмұхамед Исаңберліұлына тұрмысқа шығады. Халел, Шәмел атты екі ұл, Айсұлу атты қызды дүниеге әкеледі. Үлкені Халел 1924 жылы туған, Ұлы Отан соғысына қатынасқан, 1980 жылы қайтыс болып, Қасқат ауылында жерленген. Шәмел Ақмола облысының Краснояр қаласында тұрады. Бұл әuletтің тағдырын Шәмел ақсақал байлайша баяндайды: - 1928 жылы ұлы атам Исаңберліні екі баласы Тасмағамбет және Досмұхамбетпен Ақтөбе жеріне нағашым Мәлік Айдарбековтермен бірге жер аударады. Петропавл округ атқару Комитетінің жазықсыз жер аударғанын Мәлік нағашым Сталинге дейін біздің отбасы атынан жазған болатын, бірақ босатпады. 1932 жылы мерзімді уақытын атқарғасын ғана босатты. Елге келуге қорқып, ағайында Таşмұхамед, Досмұхамед екеуі де Омбы облысының Шорбаққөл ауданында отбасыларымен тұрды. Экем Досмұхамедті 1938 жылы халық жауы деп қамауға алді, 1941 жылы колонияда қайтыс болды.

Ташмұхамед осында тұрғанда ауырып қайтыс болды, сол жерге жерленді. Шорбаққөлден 1956 жылы Қасқат ауылына көшіп келдік. Қасқат ауылында мұғалім, мектеп директоры болып істедім. Екі отбасының көрмеген қорлығы жоқ деуге болады. Қайда барсақ та байдың балалары деп сенімсіздікпен қарады. Жас кезімізден бұғып өстік.

Мәлік нағашым туралы есімде қалғаны: орта бойлыдан жоғары, дембелше, кен иықты, көзі үлкен, өткір, өте көркем, сәнді киініп жүретін еді.

Шешеміз Мәрияш біздің өнірдегі ең шебер

тігінші болды. Сәнді киімдер тігетін, ұзатылатын қыздардың киімдерін шешем тігетін еді. Осы кәсібімен екі отбасын асырады деуге болады. Шешемнің төркінінен әкелген іс машинасы осы уақытқа дейін үйде сақтаулы.

ШӘРБАН МӘЛІКҚЫЗЫНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Шәрбан Мәлікқызы руы Қаракесек Темірболат Баймағамбетұлына ұзатылады. Сол кезде Петропавл қаласында Баймағамбет атты адамдар көп болғандықтан айыру үшін қара Баймағамбет деп атайды. Бұл кісі 110 жыл жасап, 1948 жылы қайтыс болды. Бұл кісі тарихи тұлға болғандықтан өмір деректеріне тоқтала кетейік.

Петропавл қаласының тұрғыны, Қызылжар өніріне танымал атақты бай болған. Өзі Петропавл қаласында тұрып, сол кездегі Келтесор болысына қарасты Майбалық ауылында малдарын ұстаған. Бір қызығы мынды айдаған бай бола тұра, төс тақасып құда болған Ідіріс қажы екеуі төңкеріс кезінде қызылдар жағында болған. Оған дәлел, Қорған қаласынан шыққан Тухачевский басқарған атақты Бесінші армия 1919 жылы қазан айында Петропавл қаласын Колчактардан азат етеді. Осы армияны құрметпен қарсы алғандардың арасында 80 жастағы Петропавл қаласының тұрғыны қара Баймағамбет болады. Бұл жөнінде қара Баймағамбеттің немересі Мәлік Айдарбековтың жиені Ресей жазушылар одағының мүшесі, Москвалық жазушы Сергей Баймухамбетов «Северный Казахстан» газетінің 28.01.1994 жылғы санында былай деп жазады.

«Да, так и было. Среди тех, кто вышел встречать Красную Армию, к немалому удивлению горожан, оказался и Кара Баймагамбет, восьмидесятилетний (!)

патриарх Петропавловских казахов. Почему? Что подвигло старца на столь неожиданный шаг? Эти вопросы мучили в то время многих, мучают они и сейчас его внуков и правнуков...

Возможно, на решение Кара оказать помощь красным повлияла смерть его свата Идриса-хаджи, расстрелянного колчаковцами. Но то был трагический случай, каких немало в смутные времена, и вряд ли старец, повинуясь минутному порыву, так рисковал бы и своим будущим, и будущим рода. Вернее всего, Кара Баймагамбетом руководили инстинкт и трезвый расчет одновременно. Инстинкт выживания, сохранения рода».

Сергей Баймухамбетовтың атасының бұл ісі туралы бұндай қорытындығы келуге толық негіз бар. Көмегі үшін Бесінші Қызыл армиясының командованиясы «охранная грамота» деп аталған марапаттау қағазын береді. Осы құжат Петропавл қаласының атақты байларының бірі болған қара Баймахамедті жер аударудан, куғын-сургеннен аман алып қалады. «Дед как будто пронзил время. Он спас себя и сохранил для жизни всех нас рожденных и тогда еще не рожденных... Всех «бывших» многочисленных сородичей старца в течение нескольких суток отправили неизвестно куда. А нас только лишь выселили из дома. Но ведь не арестовали. Оставили жить... Кстати, тот самый первый Петропавловский Совдеп располагался в доме моего деда», - деп жазды жоғарыда аталған мақаласында жазушы Сергей Баймухамбетов.

Әрине, Сергей ұлы атасының не себепті қызылдарды қолдағанына таңқалуы зерттемеуінен болып отыр, оның себебі жоғары тарауда айтылды.

Шәрбан Мәлікқызы мен Темірболат

Баймұхамбетұлы отбасында Кәмен, Әмен, Қамбар, Құрман, Женіс, Серік аттасы балалар өсіп тәрбиеленді. Қамбар мен Құрман қайтыс болды. Кәмен мен Женіс Петропавлда, Әмен Алматыда, Серік Москвада тұрып жатыр. Бәрі ұл-қызы өсірген ордалы шанырақтың иелері. Ұл отбасыларының ең көрнекті өкілі Сергей Темірболатұлы Баймұхамбетов 1948 жылы Петропавл қаласында туған. Қазір Москвада тұрады. Совет Одағы жазушылар одағының мүшесі, қазір Ресей Жазушылар Одағының мүшесі, көрнекті жазушы «Сауран», «Осенний караван», «Сны золотые», «Победитель» тағы басқа көптеген кітаптардың авторы. Қөп жылдар бойы Москва орталық телекабардың «Мир» бөлімін басқарды.

ӘМІРЖАН МӘЛІК ҚЫЗЫ ҰРПАҚТАРЫ

Әміржан Мәлікқызы 1917 жылы дүниеге келеді. Қазактың ырымы бойынша, жаңа туған балаға сол үйге кім бірінші келсе, соның атын қою дәстүрімен нәрестеге үйге бірінші келген Әміржан атты ер адамның атын қояды.

Әміржан 1936 жылы Омбы облысы, Есілкөл ауданы, Әлім ауылының азamatы, руы Қарауыл-Жаулыбай Ақыш Кенжебайұлына тұрмысқа шығады. Отбасында Әміржан ана Қалима, Манаарбек, Жандарбек, Сәтібек, Зәуреш, Бақтыгүл, Роза атты жеті бала өсіріп тәрбиелейді.

1937 жылы тұнғыштары Қалима туады, Қалимадан кейін жедел туған екі бала сәби кездерінде қайтыс болады. 1943 жылы Манаарбек туады, қазактың атақты әншісі Манаарбек Ержановтың атын қояды. Манаарбектен кейін 1945 жылы дүниеге келген Назымбек атты ер баласы бес

жасында қайтыс болады. 1947 жылы Зәуреш, 1950 жылы Жандарбек, 1952 жылы Бахытгүл, 1954 жылы Роза, 1956 жылы кенжесі Сәтібек дүниеге келеді.

Ақыш Кенжебайұлы Ұлы Отан соғысының ардагері, ел ішінде көрнекті, қадірлі адам болған, 1970 жылы қайтыс болды. Әміржан ана 1996 жылға дейін өмір сүрді.

Қалима Ақышқызы 1954 жылы Ысқақов Хабиболла Ахмеджанұлына тұрмысқа шығады. Бұл отбасынан Сәуле, Гүлайым, Марат, Гүлжан, Айгүл атты балалар өсіп тәрбиеленді. Тұнғыштары Сәуледен Оксана, Руслан деген немерелері бар. Екінші қызы Гүлайым Жәлел Конысбаев деген азаматқа тұрмысқа шыққан, Алмас деген ұлдары бар. Марат пен келіні Ләззаттан Аслан, Әсем атты екі немерелері бар.

Хабиболла Ысқақұлы Ахметжанов Қарауыл руынан шыққан Жанат батырдың ұрпағы. Шежіресі былай тарайды. Жанай батыр Жарты → Бекмағамбет, Наурызбай, Жұмабай, Белгібай.

Наурызбайдан → Құлжабай, Олжабай, Жапар қажы, Мешел. Мешелден → Ысқақ, Төлтай, Молдахмет, Қожабай.

Төлтайдан → Зәйке, Бәдеғұл. Молдахметтен → Шәрбан. Қожабайдан → Амантай. Ысқақтан → Ахметжан, Зейнолла. Ахметжаннан → Хабиболла, Аманжол, Бақытжан. Аманжолдан → Мәүлетхан, Уалихан, Райхан, Ризхан. Зейнолладан → Мәди, Мадияр, Майра, Ризабек, Мұса, Мейрам, Куля.

Хабиболла Ахметжанұлы 1932 жылы Омбы облысы, Есілкөл ауданы, «Торат» деген ауылда туған. Бұл ауылды Жанай батыр ауылы деп те атайды. Атасы Ысқақты 1937 жылы «Халық жауы» деп Омбы қаласында атып тастайды. Ауыл мектебін

бітіріп, ауылда жұмыс істеген Хабиболла Ахметжанұлы 1954 жылы комсомолдық жолдамамен қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының бұрынғы «Маленков» совхозында қазіргі Молодогвардейскіде совхоз жұмысшысы кооперациясы, ауылдың Қеңестің төрағасы қызметкерін атқарды. Омбының ауыл шаруашылығы институтын, жоғары партия мектебін тәмамдап партия-совет қызметтерін атқарды.

2000 жылы Меккеге қажылыққа барып келді. Қазір Петропавл қаласында тұрады.

Марат Ахметжанұлы Ысқақов облысқа танымал азамат, көп жылдар бойы лауазымды қызмет атқарып келеді. Қазір «Туған жер» фирмасының бас директоры. Үкімет медальдары мен мақтау қағаздарымен марапатталған. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің қайырымды басшы мақтау қағазымен марапатталды. Осы кітапшаның баспахана шығынына көмектесіп, туыстарының алғысын алды.

Гүлжан Хасен Латыпов атты азаматқа тұрмысқа шыққан, Арсен деген баласы бар. Ең кіші кенжелері Айгүл әке-шешесімен бірге тұрады.

Әміржан ананың екінші баласы Манаrbек Ақышұлы ауылшаруашылығының маманы, 1968 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтын тәмамдап, Мологвардейск совхозында механика инженері, Омбы облысының Шарбаққөл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас инженер болып істеді. Еңбектегі зор көрсеткіштері үшін Қазақстан және Ресей мемлекеттерінің ордендері мен медальдарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған. Манаrbек 1970 жылы Райхан Әшімқызына үйленген. Әміржан ана бұлардан туған тұнғыш немересіне апамдай сұлу, іскер болсын деп апасының аты

Мәрияш деп қояды. Мәрияштан кейін Рұстем атты ұл бала, Айнаш атты қыз бала дүниеге келеді. Айнаш 2003 жылы Дәурен Орынбасаров атты азаматқа тұрмысқа шықты.

Зәуреш Ақышқызы 1947 жылы туған. Жолдасы Марат Әбілов қайтыс болды. Екі баласы бар, үлкені Серік пен келіні Гүлденнен Нұрсұлтан және Абылай атты немерелері бар. Екінші баласы Жеңіс пен келіні Динадан Алина, Әлібек, Асыл атты немерелері бар.

Жандарбек Ақышұлы Алтын Хайдарқызына үйленген. Үлкен баласы Елік пен келіні Динадан Жанел деген немере көрді.

Айнагұл деген қызы 2002 жылы қайтыс болды. Назымбек атты ұлы мен Алмагұл атты қызы әкешесімен бірге тұрады. Бахытгүл Ақышқызы Жұмабек Темірбековке тұрмысқа шыққан. Екі ұлы, бір қыздары бар. Үлкені Еркебұлан мен кіліні Айнадан Согдана деген немересі бар. Екінші ұлы Жастілек пен келіні Гүлнардан Диана мен Серік деген немерелері бар. Жанар есімді қызы Жандос Габдрашитовке тұрмысқа шыққан, Аида деген қыздары бар.

Роза Ақышқызы Махмет Ұсебековке тұрмысқа шыққан. Ұлы Арман мен келіні Динарадан Ілияс, Нияз деген немерелері бар. Dana есімді қыздары Астанада оқиды.

Сәтібек Ақышұлы Күнсұлу Шериқызына үйленген. Зарина, Руслан деген балалары бар.


Әміржан ананың тумаса да туғандай қылып өсірген тағы бір балалары бар. Ол былай болған. Әміржан ананың жолдасы Ақыштың Тоқыш деген інісі болған. Тоқыш 39 жасында қайтыс болып, Гүлжауар, Фалия деген қыздары, Қайыргелді деген ер баласы жастай жетім қалады. Аналарынан да ерте айрылған осы үш баланың тәрбиесі Әміржан анаға

қалады. Ақыш пен Әміржан ана үшеуін өсіріп, оқытып, үйлендіріп, үй қылышып шығарады.


Гүлжауар қазір Булаев қаласында тұрады. Сағынтай, Абай, Мәшәкар, Ғалия атты балалары бар, бұлардың бәрі де облысымызда лауазымды қызмет атқарып жүр.


Қайыргелді Алматыда тұрады, Қазбек, Мұрат, Гүлнар атты балалары бар. Бәрі де Алматыда жоғары дәрежелі қызмет атқарады.

Әміржан ана көпшіл, таза, ақжарқын адам болған. 1958 жылды әкесі Мәліктің Омбыдан ақталғаны туралы анықтама қағазы келгенде ата қонысы Майбалық ауылындағы Ідіріс атасы зиратының басында әкесіне маңайдағы елдерді шақырып ас берген.



Ілдіріс қажының қызы Мәпиден тараған үрпактар





Ідіріс қажының қызы Мәпиден жеті қыз туады, олар: Кәди, Айтбібі, Ажар, Шайза, Рабиға, Жаңыл, Кенжетай. Ер бала тууын армандал жүрген әкешесі соңғы қызына «Кенжетай» деп ер баланың атын қойған екен.

Кенжетай Қарауыл руынан, «Үш қызыл» селосында 1906 жыл туған Оспанов Қожымұрат деген азаматқа 1935 жылы түрмисқа шығады. Түрмис құрғанда Қажымұратқа 29 жыл, Кенжетайға 15 жас толған екен. Қажымұрат жас кезінен өте зейінді, алғыр болады, төрт жыл дін окуын оқып арапша жаза, оқи алатын болады, бірақ діни жұмыспен шұғылдануға тыым салынғандықтан. Тоқшын бухгалтерлік училищесін тәмамдал ауылда есепші, бухгалтер болады. Кенжетай анамен кездеспек болып Қажымұрат баласы Әлібектің үйіне барғанымызда көзіміз төрде ілулі тұрған арлан қасқырдың екі терісіне түсті. «Қажекең, - дейді Кенжетай ана, - аңшы болды, қан сонарды құр жібермейтін еді. Мына қасқырды, - дейді қасқыр терісін көрсетіп, - ауылға аузына тұмылдырық салып тірідей әкелгені әлі есімде». Қанша уақыт өтсе сол бір кездің күәсіндей болған екі қасқыр терісін қасиетті дүниелеріндей сактайды екен.

Қажымұрат 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, Сталинград шайқасына қатысады. Соғыста ауыр жараганып, Москва, Горький, Чебоксар, Саратов, Ульянов, Қазан қалаларындағы ауруханаларда (госпитальдарда) емделеді. Соғысқа қайта кіруге жарамағандықтан Қазан қаласынан үйге жібереді. Бірер жылдан кейін денсаулығы жақсара бастағанда колхоздың басқармасы болып ел басқарады.

Кенжетай ананың ата жұрты да «Жолдыөзек» өңіріне аты шыққан жеті атасынан бастап Меккеге

берып қажылық парызын атқарған адамдар екен.

Кенжетай ананың ұлы әкесі Әйіп қажылыққа барамын деп жүргенде ауырып қалып, жол жүруге жараудан қалады. «Мен үшін жол шығынын өзің төлеп басқа біреуді апарып, маған өкіл қажы атағын алып бер» – деп баласы Ақайға (Кенжетай ананың әкесі) аманат етеді. Меккеге өзінің қажылық парызын атқару үшін бара жатқан Ақай ауылдасы Рысбай деген адамды әкесі үшін барлық шығынын төлеп алып барады.

Кенжетай ана да атадан келе жатқан діндарлықты берік ұстап, бес уақыт намазын қаза қылмайды екен. Қажымұрат ақсақал мен Кенжетай ана 7 бала өсіріп тәрбиелейді. Балалары: Қабдрашит, Мәлгәждар, Раушан, Райхан, Абай, Әлібай, Бағлан. Балаларының бәріне де кәсіптік білім алғызып, зор адамгершілік тәрбие береді.

Кенжетай ананың тұмаса да туғандай қылып тәрбиелеп өсірген Қолқайдар атты бір баласы бар. Қолқайдар Кенжетай ананың жолдасы Қажымұраттың ағасы Құлмағамбеттің баласы. Құлмағамбет Ұлы Отан соғысына алынып, соғыста қайтыс болады. Бір жасында анадан, бес жасында әкеден айрылған Қолқайдарды Кенжетай ана қолына алып тәрбиелейді. Өзінің туған балаларынан кем қылмай өсіріп, оқытып отау қылып шығарады. Қолқайдар 2003 жылы 69 жасында қайтыс болды. Жолдасы Галия Петропавл қаласында тұрады. Ғабдулахит, Зура, Қамбар, Зураш, Хамит, Айгүл, Сәүле есімді балалары бар.

Улken баласы Қабдрашит қазір Александровка селосында тұрады, сегіз бала өсіріп тәрбиеледі, немерелері бар.

Екінші баласы Мәлғаждар Қарағанды селосында, шаруа кожалығының мүшесі, шаруа қажылығына

қарасты техникаларды басқарады. Үлкен отбасының иесі, алты бала өсіріп олардан немере көріп отыр.

Үшінші баласы Абай жоғары білімді, екі бала өсіріп отыр, Қарағанды селосында тұрады, шаруа қажылышының мүшесі.

Ер балаларының ең кішісі - Әлібай Оспанов 1959 жылы туған. 1982 жылы ауыл шаруашылығы институтының Зоотехник мамандығын алғып шығып, атақты совхоз директоры Миллер басқарған Қарағанды совхозында бөлімше Зоотехнигі болып істейді. Миллер сияқты іскер басшыдан тәрбие алған жас маман Әлібайды қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық ауылшаруашылық өнеркәсібі бірлестігінің бас зоотехнигі болып істейді, сөйтіп өзіне іскерлігімен ұнаған Әлібайды Миллер өзі басқарған совхозға шақыртып алғып, 1989 жылдан 1993 жылға дейін совхоздан кеткенінше бірге істейді. Қазір Қарағанды селосында совхоз директоры Миллердің үйінде тұруы да көп нәрсені аңғартса керек. Әлібай ауылшаруашылығы жұмыстарын ұйымдастыруда үздік табыстарға жеткені үшін 1992 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген жарыс жеңімпазы, мерекелік медальдармен, мақтау грамоталарымен марапатталды.

Қазір Қарағанды селосында ірі шаруа қожалығының басшысы, жыл сайын егіннен мол өнім алғып, жерлерін жалға алған шаруалардың алғысын алғып жүр. Әкесінің шаңырағын ұстап, анасын күтіп отыр. Аталарын қастерлеп, анасын сыйласап осы кітаптың баспа шығынына да демеушілік жасағанның бірі де осы Әлібай Қажымұратұлы.

Білім мен шаруашылықты катар менгерген Әлібай 2003 жылы Петропавл заң академиясын тәмамдап, екінші мамандық алғып шықты.

КЕҢЖЕТАИ АНАНЫң ЕСТЕЛІГІНЕН

Ідіріс қажыдан Мәпи атты қыз (менің шешем) Мәлік атты ұл туады. Қажы жалғыз қызын Уақ руынан тарайтын Әйіпұлы Абдрахманға (ел ішінде Ақай қажы аталып кеткен) ұзатады. Менің анам Мәпи де дініне берік болған адам екен.

Әкем Абдрахман Әйіпұлы қажылыққа 2 рет барып келген. «Ислам әлемі» баспасы, Алматы, 2002 жыл. «Қазақстан қажылары» кітабының 120 бетінде әкем Әбдірахманның 1908 жылы 35 жасында Мекеге қажылыққа барғаны туралы дерек жазылған.

Жас кезімізде колхоз жұмысында алдыңғы қатарда жұмыс істеп жүрсек те комсомол, партия қатарына алмады. Әкесі мен нағашы әкелері діни, бай адамдар деп сенімсіздікпен қарады.

1928 жылы бай болғаны үшін Ақтөбе жеріне жер аударылған шешемнің жалғыз інісі – Мәліктің кескін-кейпеті шала-бұла есімде қалыпты: ірі денелі, көрікті, ақ сары кісі еді. Әлі есімде Мәлік нағашым Ақтөбеде тұрғанда 1930 жылдары болу керек, Мәпи шешем қонаққа барды. Сол кеткеннен шешем 5-6 айға дейін оралмады, біз жас балалары шешемізді сағынып жылағанымыз есімде қалыпты. Шешемнің айтуы бойынша Мәлік нағашымыз ол жақта да ауқатты тұрыпты; түйе, жүйрік аттар ұстап сол өнірдің көрнекті адамдар қатарында болыпты. Тұрмыс жағдайлары жаман болмаса да ел жақты қатты аңсағанын шығарған өлеңінен байқауға болады.



Кенжетай ана



Кенжетай ана жолдасы Қажымұратпен
бірге



Кенжетай ана балалары мен немерелерінің
ортасында



Әлібай Қажымұратұлы



Қабдрәшит, Гүлжауар қызы Гүлмирамен
бірге



Әлтай Ажар баласы



Қайыргелді, Шолпан немересімен



Қалқайдар Фалия



Қаңарман отбасысы



Мағжан Кенжебаев



Мейрам Кәди баласы

МӘЛІК ІДРІСҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Мәлік Ідірісұлы «Дала уалаяты», «Қазак», «Үш жүз» газеттеріне мақалалар жазған. Әсіресе, өзі демеуші, шығарушылардың бірі Петропавл қаласында 1918 жылы шығып тұрған «Үш жүз» газетіне мақалалары үнемі жазып отырған. Өкінішке орай, «Үш жүз» газетінің сандары сақталмаған. Мәлік Ідірісұлышының араб графикасымен жазған «Қазақ тұрмысы» және «Едігенің төресі» атты ел аузынан алып жазған шығармалары сақталған еken, соны оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ҚАЗАҚ ТҰРМЫСЫ

Европадағы ғылымды халықтың бәрі әуелден сондай болған емес. олар неше түрлі тұрыс-жүрістің күйіне түскен. Бір уақытта көшпелі халық та болып тұрған. Көшуден қалған соң халық егінге айналысады. Дүние жүзіндегі халықтың бәрінің ұмтылғаны еken. Қала салып тұрған соң егін салмасқа болмайды. Ғылымға мұнсыз кірісе алмайды. Мал шаруасымен тұрып, малын бір жерден оттатуға бір жерден бір жерге көшіп жүргенде білім еттіріп, айналасындағы тұрыс-жүрісінің байыбына барып, өз керегіне қарай, өз жүріс-тұрысын бұзып түзете алмайды. Тұрақты қалалы егін салып тұратын адам жаңадан неше түрлі іске айналысады, тың жер жыртады, әр түрлі тұқым салады, бір тұқымды үнемі сала бермей, егін салатын орнын табады және де өзі тұратын орнын сайлап алады, көп қауым тұратын арадан. Көптің ішінде не білімді адамдар болады, жүріс-тұрыстың жайларын түзетуге жаңұт етіп жүрген. Олардың ішіне келіп тұрған адам ақыл осы

ырыс жұғыс деген әр нәрседен гибрат алып, есітпегенің есітіп, өнеге алады.

Көшпелі халықта ондай қылуға болмайды. Бұлар малының ықтиярында, өзінің ықтиярында емес, шөбін жеген жерді көшпелі адам тастап, өзге соны жерге көшпесе керек. Шөп шықпаған, жұт болған жылы үлкен байларды қайыршы қылып кетеді. Көшпелі адамға тоғай ішіне барып тұруға мүмкін. Көшпелі адамның малын өз еркімен көбейтуге шамасы жоқ, көбейту, азайту көшпелі адамның малын дүниенің көzsіз қуатында (ыстық, сұық, шөл, су, жаз, қыс – дүниенің қуаты дегеніміз).

Егін салатын адам астық қымбат болатын болса, егінді көп егіп, артығын сатқанын сатып, қалғанын кейін жоғында жеуге қалдырады. Көшпелі халық малдың төлі қандай пайдалы болатынын, болса да өз еркімен көбейте алмайды, азайып бара жатса, оған ешбір айла қыла алмайды. Және де сол мал үшін қазақ көп қауым болып, шаңарлы жерде тұра алмаған соң білімді адамнан жөн-жол, өнер, білім үйреніп, гибрат алуға қыын. Көшпелі халық арасында бәрінің бір барып білім үйреніп қайтатын, тоқтау, жиналас қылатын жері де жоқ. Сол себепті көшпелі халық ғұмырында ғылым-білімге кірісе алмайтын жайда қалып тұрады.

Қайсы бір халықтар бар, амалсыздан ащылы шөп жақсы өсіп, астық шықпайтын жерінің жайы солай болғаны үшін көшіп жүрген.

Қыр уалаятында казақтарға қарайтын жер егін шықпайтын емес, салса бейнетін артығымен өтейтін жақсы аралар. Жылында мындал ауып мұжықтар қырға келіп, егін салып, астықты көп алып жатыр. Үй салып алған, тамақтары ток. Олардың қасында казақтар құр шұбап көшіп жүреді, жазғытұрым.

Күздігүні көргені аштық, қыс үйінде адам тұрғысыз сүйк, жерден қазып алған сиыр қорадан жаман. Қазақтың көбі-ақ мұжықтардың, казак-орыстардың үйлерін көрген шығар, өз үйлерімен салыстырып қарасын. Мұжықтардың қандай болып келгенін көрген шығар. Аштықтан жүдеген, шаршап-шалдықкан, бір-екі атымен келген. Бұлар қалай келді, егін салуға ұмтылды. Қазақ әуелі мұжыққа жиреніп, жатырқап қарайды. Бір-екі ай өтеді, аш, сүйк, қыс келеді, сол жиреніп насаттанып қараған казақ бейнеттеніп шығарған астығы жоқ болған соң арықтап қалған малын арзанға сатып, қаңғып келген мұжықтан астық сатып алады. Қазақтың мұндай болғанына ешкім жазалы емес, өздерінен бәрі. Ұлықтар ыем әншейін адамдар қанша айтса да «егінсал, қала салып ал» деп, отармады. Қазақ жылдан-жылға құри береді, қала салып алып, егінге айналғанша. Сөйтеді. Бұрынғы көшіп-қонып жүретін заман қазақтан кетті, енді қайтып келмейді. Енді көшкен уақыты кетіп, залалынан басқа пайдасы жоқ. Бәрі не заманнан үйреніп қалған рәсім.

Бір заманда казақтар оңтүстікке жақын жылы жерде тұрып, малы қысы-жазы далада оттайтын еді. Себебі онда қар түспейді, не жауған күні еріп кетеді. Ол жакта қазақтан құшті көбірек халықтар қазақты ығыстырып, солтүстік жақтағы сүйк жаққа шығарып жіберді. Бұл жакта жалғыз мал шаруашылығыменен күн көріп болмайды, қысы қатты, алты ай болады. Жақсылық жылы болмаса, жаманшылық жылы мал шөп алып жей алмай, қырылып қалады. Мал қалың кардан алты айдай тамакты өзі алып жей алмайды. Сол себепті қазақ пішен шаппаса болмайды, аз да болса. Сол аз шапқаны көшпелі халықты егін салып, қалаға жақыннатқаны.

Қазақ малын жақсы көреді. Онан айырылып

орыстардың егіншілеріндегі жер жыртатын ғана малы бар, егіншісі болып кетуге бек ауыр, мұндай болып кетудің керегі де жоқ. Бірақ малымен бірге егінді қатар салу керек, бірінен-бірін айырмай. Егер ауып келіп жатқан мұжықтарға сол қазақтың малындай мал берсе, бір-екі жылда-ақ бай болар еді. Қазақтың малы һәм егінге жақсы жері – бұлар ілгергі қазақтың байлығы. Бірақ үғу керек даяр дәнeme табылмайды, бейнет қылмаса. Мұны қайсы бір қазақтар ұқты, аз да болса егін салып жүр. Өзгеден жақсырақ тұрады (бірақ түзеле бастаса, қазақ егінді тастан қырға көше жөнеледі). Біз нанамыз, осы айтқанымызды ұғып қазақтар көшуді қойып, қалалы халық болып, егін салып отырар деп.

ЕДІГЕНІҢ ТӨРЕСІ

Ертеде бір нашар кедей адам болған екен, өзінің жалғыз ұлынан басқа жақын туысқан ешкімі жоқ екен. Қатынынан ұлы он екіге келгенде айырылған екен. Бала он төртке келген соң әкесі опат болып мұлде жалғыз, жетім қалды. Әкесі өлген соң бір жылдан кейін бала бір бай саудагерге жалданды. Жалақы турасынан екеуі де ештеңе деген жоқ екен. 12 жыл жігіт байға қызмет қылышп тұрды, 12 жыл өткен соң жігіт байдан шығамын деп ақысын сұрайды.

Бай: – жарайды, – дейді. Бірақ сенің киім, тамағыңа 12 жылдан бері қарай мен 200 ділдә жұмсадым, соныңды төлеп кет, – дейді. – Өзге сенің жамандығынмен шыққан шығынды санамай-ақ қояйын, – дейді.

Жігіт: – Мен сенің үйінде текке қарап жүрген жоқ едім ғой. Қойың болса бағып, үйдегі жұмысын болса істеп жүріп едім ғой, – деп бағып еді, бай оған

ештеме деп жауап қайтармады. Жігіт қазыға алып барды, көп кісі байға болысып куәлік берді. Жігіт байғұстың өзінен басқа жақыны жоқ, оған болысатын ешбір жан шықпады. Қазы кесім қылып салды, кесімі бойынша жігіт байға 200 ділдә берсе керек. Егерде оны тауып бере алмаса, бай жігіттің етінен 8 қадақ ет кесіп алуға мүмкін болады. Жігіт мұны естіген соң байдан құтылайын деп, қашыпты. Бай көтінен қуады. Жігіт жайылып жүрген түйенің жанымен кетіп бара жатыр еді, бір уақытта бір бура аузынан ақ көбігі ағып жігітті қуа баstadtы. Түйе жігітке жақындап-ақ қалды. Енді бір жетеді-ау дегенде жігіт жалт қарап, қолындағы таяғын түйеге жіберіп қалып еді, таяқ барып түйенің оң көзіне тиеді. Оң көзін шығарды, сүйтіп түйеден құтылышп кетті. Түйенің иесі жігіттіңсоңына түсіп, жігітті қуды, түйесінің құнын алайын деп. Жігіт қашып келеді. Аяғы аяғына тимей келе жатса, алдында бір жар қабағы бар өзен екен. Жігіт не қыларын білмей сасыңқырайды. Кім болса со болсын, не қылса да өзеннен өтіп бағайын деп жардан секіріп түсті. Жар астында үш жігіт балық аулап, демалып жатыр екен. Жігіт жардан секіріп түскенде үшеуінің ең кішісінің үстіне түсіп, кішісін басып өлтіреді. Інісі өлген соң ағалары ұшып түрегеліп, жігітті шап беріп ұстай алады, ініміздің құнын төле деп. Сол уақытта жігіттің артындағы екі құғыншы да естіп қалады, сөйтіп жігіттің сұраушысының өзі де үшеу боп қалады. Біреуі қазының бұйырған 8 қадақ етін сұрайды, біреуі түйесінің көзінің құнын сұрайды, біреуі ағайынды екі жігіт інісінің құнын сұрайды. Жігіт әбден састы. Кісілер өзді-өздері сөйлесті де, Едігеге бармақшы болды. Едігеге келіп түсіндіріп әркім өзінің ісін айтады. Сен қандай төре қылсан да біздер разы боламыз деп уағда берді бәрі де. Едіге сөздерін қабыл

алып, жігіт 12 жыл жүрген байға айтты:

— Саған қазы жігіттің етінен 8 қадақ ет кесіп алуға бұйырыпты ғой. Мен де саған соны бұйырамын. Бірақ сен оның етінен 8 қадақ ет кесіп ал, егерде бір мысқал артық, болмаса бір мысқал кем кессен, мен сенің басынды алғызамын осы жерде.

Мен қайтіп 8 қадақ ет кесіп аламын деп ойлай-ойлай, қой мен мұны тастайын деп кетіп қалады.

Онан кейін Едіге түйенің иесіне айтты:

— Сен жүгіріп қашасын, мен сенің артыңдан бір бураны жіберемін, бура жақындағы бергенде артыңа жалт қарап таяқпен түйеге жіберіп қалып, түйенің он көзін шығарсаң керек. Егерде айтқанымды істей алмасаң басынды алғызамын. Егер айтқанымды істей алсаң, түйенің көзінің құнын өзім-ақ төлеймін, — дейді.

— Қой мұны мен істей алмай өзім бір масқара бол қалармын, - деп ол да қайтып жөнелген.

Ағайынды екеуіне бүй дейді:

— Мен бұжігітті жардың астына бір жерге жатқызып қоямын. Екеуіңің біреуің жүгіріп келіп жардан секіріп түссендер керек. Сол секіріп түскен салмақтарыңдан жігіт өліп кетсе керек. Егер мұны қыла алмасандар екеуіңің де бастарынды алғызамын, егер айтқанымша қылсандар інілеріңін құнын өзім төлеймін, - дейді.

Хош, жігіт жардың астында жатады екен, оның қай жерде жатқанын білмейміз. Оның үстіне тағы да секіріп түсу керек, үстіне түскен соң өлсе керек. Мұның бәрін қайтіп орнына келтіре аламыз. Бұжының екен деп кетіп қалады.

Сөйтіп жігіт үш бірдей пәледен Едігенің көмегімен құтылыпты.

В Президиум Всероссийского Центрального
Исполнительного Комитета

Гр-на Казахской АССР, Петропавловского
Округа, Бейнеткорского района, аула № 8
Айдарбекова Малика Идрисовича (он же
Малик Идрисов).

Петропавловский Оприисполком 21.09.1928 г.
постановил: на основании ст. I-ой Постановления
КазЦИК-а и КазСНЮ-а от 27.08.1928 г. подвергнуть
меня и мою семью выселению из пределов
Петропавлоского округа с конфискацией всего
нашего имущества, каковое постановление
утверждено Президиумом КазЦИК-а.

О применении ко мне такой меры я узнал только
из газеты «Степная звезда» № 147.

Постановление Оприисполкома и Президиума
КазЦИК-а я считаю виновными с резким
нарушением, как общих законов РСФСР, так и
специального закона на которой Оприисполком и
КазЦИК ссылаются.

I. Постановление КазЦИК-а и КазСНК-а от
27.08.1928 г. является законом исключительным.
Применение его в отношении тех или других граждан
влечет за собой весьма тяжкие последствия для
последних.

В силу указанного закон этот должен
применяться признанными к тому органами в строгом
соответствии с теми признаками, которые самим
законодателем установлены.

Распространительное толкование этих
признаков, ведущее к правильному расширению
круга лиц, подпадающих под действие этого
исключительного закона, не должно иметь место.

Между тем Петропавловский Исполком и КазЦИК вынося постановление о моей высылке и конфискации моего имущества поступил как раз наоборот: Они произвольно и безгранично расширили сферу применения закона.

II. Ст. I Постановление КазЦИК-а и КазСНК-а от 27.08.1928 г. на которую в отношении меня ссылаются и Петропавловский Окристполком и КазЦИК говорит о выселении наиболее крупных скотоводов.

Примечание I-ое разъясняет, что к крупным скотоводам относятся: в кочевых районах владельцы 400 голов скота (в переводе на крупный) в полукочевых – свыше 300 голов и в оседлых – свыше 150 голов. Наш район по Постановлению КазСНК от 30.08.1928 г. отнесет к полукочевому. Следовательно в нашем районе о применении Постановления КазЦИК и СНК от 27.08.28 г. можно говорить лишь в отношении лиц, у которых имеется более 300 голов скота в переводе на крупный.

У меня как это видно из окладного листа по сельхозналогу за 1928/9 год облагаемого взрослого скота 40 голов, а всего с мелким 59 голов.

Следовательно, если бы Исполком и КазЦИК в какой ни будь мере руководствовались законом, они не могли бы отнести меня к числу наиболее крупных скотоводов, о которых только и говорится в Постановлении КазЦИК и КазСНК от 27.08.28 г.

III. Правда в примечании втором к ст. I-ой указано, что скотоводы имеющие количество голов скота меньше установленных примечанием первым норм но подпадающие по своему положению под признаки, указанные в настоящей статье также могут быть выселяемы.

Но выселение таких лиц в каждом отдельном

случае может производится лишь по особому постановлению СНК Казахской АССР, выселение же мое прошло без указанного требования закона.

ГУ. Для применения конфискации и выселения по ст. I-ой закона от 27.08.28 г. недостаточно одной принадлежности лица к числу наиболее крупных скотоводов требуется еще наличие другого признака, а именно должно быть установлено, что выселяемые лица сохраняя полуфеодальные, патриархальные и родовые отношения, своим имущественным и общественным влияниям препятствуют советизации аула.

Инструкция КазСНК в разъяснении этого пункта указывает, что к таким лицам должны быть относимы лица, которые являются социально-опасными в силу кабального характера их отношения к окружающим населением или пользуясь родовыми привилегиями и экономическим господством, препятствуют проведению мероприятий по советизации аула.

В моем случае ничего подобного не было и быть не могло и вот почему:

С самого начала Октябрьской Революции Казахская партия «Уш-Жуз» (Три Орды) возглавляемая большевиком казахом Кульбаем Тогусовым возникшая в степях в противовес контрреволюционной партии «Алаш-Орда» возглавляемой в восточных казахских областях Алиханом Букейхановым, а в Западных Казахских областях Жаншой Досмухамбетовым, признала Советскую Власть и большевик Тогусов особой телеграммой на имя Владимира Ильича Ленина сообщил о признании и приобщении Казахской партии «Уш-Жуз» к Советской Власти и отец мой Идрис Айдарбеков были одними из деятельных членов этой партии. С водворением в Сибири

Колчаковской контрреволюционной власти деятели Контрреволюционной партии «Алаш Орда» поспешили доложить Колчаку о признании и приобщении партии «Уш-Жуз» во главе с Тогусовым к Советской власти. Поэтому в 1918 году Колчак распорядился арестовать Тогусова в Омской тюрьме и Тогусов был взят под стражу. Во время Декабрьского восстания Омских рабочих против Колчака Тогусов сумел бежать из Омской тюрьмы, но он был задержан Алаш-Ордой и выдан ею Колчаку, который и распорядился убить Тогусова жесткой мучительной смертью. Я же тогда был арестован Колчаком в качестве заложника впредь до поимки Тогусова. Расправившись с Тогусовым Колчак снарядил карательную экспедицию для разгрома партии «Уш-Жуз» в том числе меня и моего отца Идриса. Эта карательная экспедиция застала нас (меня и отца) дома врасплох, расстреляли отца Идриса Айдарбекова и, считая меня также убитым шашкой, оставили меня на месте, изранив меня изрядно. Дом же наш был ограблен до тла. Я однако уцелел, притворившись убитым. Таким образом за преданность Советской Власти отец мой был убит Колчаком, а я был изранен до полусмерти и спасла меня лишь одна оплошность палачей. Представляемая при сем справка Судебно-медицинского Эксперта Актюбинской Центральной амбулатории от 13/11 с.г. удостоверяет, что у меня на спине на уровне 8-го грудного позвонка вправо от средней линии имеется рубец кожи неспаянный с подлежащими тканями не правильно круглой формы в диаметре 4 см, характер происхождения рубца определить сейчас не возможно. Этот рубец есть доказательство того, как я лично пострадал за преданность Советской Власти от бандита Колчака.

Это обстоятельство во всех подробностях известно всему № 8 аулу Бейнеткорского района, а также коммунистам ячейки № 8 аула того же района. Салику Сеильканову, Бегалию Мендибаеву, Нагмету Кудайбергенову, Рамазану Шарипову и другим отзыв которых обо мне не принят в уважение Петропавловским Окрисполкоммом.

Не говоря о вышеизложенном, я в 1921 году был избран председателем Кельдисорского Воеревкома, Петропавловского района и заявил себя деятельным Советским агентом, что доказано тем, что я во время налета Колчаковских бандитов не боялся во время схватки убить одного из них и задержать другого. Это обстоятельство известно тогдашнему уполномоченному Акмолинского Губчека тов. Лосеву.

Все изложенное никем из этих органов власти не проверено и я выселен безоговорочно с конфискацией моего имущества.

Волей не волей я задаю себе вопрос не наступил ли момент наказания всех тех, кто предан Советской власти по прикрытием Постановления КазЦИК-а и КазСНК от 27.08.28 г. и кто руководит этой затеей. Тем более мучает меня этот вопрос, что у меня крупный и мелкий скот не превышает 59 голов, т.е. меньше той нормы, какая требуется для выселения меня из полукочевого района Бейнеткорского района меньше 300 голов.

Усматревая в действиях Петропавловского Окрисполкома и КазЦИК-а очень серьезные и опасные перегибы при проведении в жизнь Постановления КазЦИК-а и КазСНК-а от 27.08.28 г. о выселении баев с конфискацией имущества их, особенно в отношении меня, прошу Президиум ВЦИК-а немедленно требовать из КазЦИК-а всю

переписку обо мне и убедившись в правильности моей жалобы, отменить постановление Петропавловского Окристполкома и КазЦИК-а о выселении и конфискации всего имущества.

Вместе с тем прошу сделать по телеграфу распоряжение Петропавловскому Окристполку доставить сведения о том правильно ли и справедливо все то, что мной изложено в настоящей жалобе.

25 ноября 1928 г. г.Актюбинск.

Генеральному секретарю Центрального комитета
ВКП/б/ и Политбюро товарищу Сталину

Сообщение

Как изволите усмотреть из прилагаемых при сем копий жалоб из Петропавловского Округа в Актюбинский Округ с конфискацией наших имуществ, как социально описаные элементы, препятствующие советизации аула, не смотря на то, что наш скот не достигает той нормы по которой следовало бы выселить и конфисковать согласно Постановления КазЦИК-а и КазСНК от 27 августа 1928 года.

Спрашивается, являются ли мы на самом деле социально опасными элементами? Мы полагаем что нет на следующих основаниях:

1-Я Малик Айдарбеков с самого начала Октябрьской Революции являюсь советским активистом /аткаминером/. За преданность Советской власти и за признание ее в числе первых Казаков всероссийский бандит Колчак по доносу партия Восточной Алан-Орды расстрелял моего отца Идриса

Айдарбекова, а солдаты его, изрубив меня шашкой и пологая что я также убит, по своей оплошности оставили меня в живых, потому, что я притворился мертвым, что бы избежать дальнейших смертельных шашечных ударов.

В 1921 году, как это известно бывшему уполномоченному Акмолинского Губчека т.Лосеву, я в качестве председателя Колдисорского Волревкома свою преданность Советской власти доказал тем, что во время налета Kokчетавских бандитов во время схватки с ними не боялся убить одного из них и задержать другого.

После таких фактов известных всему окружающему населению, можно ли считать меня антисоветским элементом и подвергнуть меня такой каре, как выселение, которого не знает даже внутренняя Россия?

2-Я Султан Абдрахимов, происходя из Татар, не должен был подлежать выселению и конфискации, ибо Постановление КазЦИК и КазСНК относится лишь к Казакам, а не к другим народностям, проживающим пременно или постоянно в Казахстане. Наконец с политической стороны я изрядно пострадал от Колчаковских банд, спасал и укрывая таких коммунистов, как бывш.красногвардеет шахтер Мукатай Жаныбеков по кличке «Угар» и Мукан Керейбаевич Айтбенов, подлежащих расстрелу. Я за это сам подлежал расстрелу и спасло меня мое бегство: я скитался в степях Казахстана в качестве нищего до прихода Соввласти. Я даже спас от расстрела такого коммуниста, как член ВЦИК и КазЦИК, а ныне помощник Секретаря ВЦИК тов. Досов, который должен бы констатировать сам это обстоятельство.

В архиве Верховного Суда РСФСР находится

дело ГУМ-а по обвинению Киргизов /ныне Казахов/ в каковом деле имеются официальные отзывы о Султане Абдрахимове: 1. От Акмолинского Губпрокурора, 2. От Заведывающего отделом управления Акмолинского Губисполкома, 3. От Председателя Семиполатинского Губисполкома Досова /ныне помощника Секретаря Президиума ВЦИК-а, 4. От волисполкомов Покровского, Слитинского и других, каковые документы доказали бы что Абдрахимов был Советским активистом, но достать их из Верхсуда Абдрахимову не удалось за выселением его в Актюбинский округ.

Означенное дело слушалось в Верхсуде от 6-го декабря 1923 года до 8-го января 1924 года, так что очень легко было бы найти указанные документы, если бы Абдрахимов не был лишен возможности съездить в Москву и взяв их из Верхсуда, представить на Ваше усмотрение.

Спрашивается теперь, если тут злоупотребления Советских и партийных органов на местах, высыпивших нас Айдарбекова и Абдрахимова, или наоборот, тут случилось по пословице: Своя своих не познана! По нашему имению, тут случилось первое предположение, что видно из дальнейшего изложения.

З – Мы же:

а/ Баймухамед Майкотов, Хасен Баймухамедович Майкотов, Курманшеих Аитмухамедлевич Майкотов, Дамеле Топаевна Майкотова;

б/ Исакберди Такамбетов и Тасмагамбет Такамбетов;

в/ Жилкыбай Сабердинов, Нургали Жилкибаев и Темиргалий Жилкибаев;

г/ Ахмеджан Нурмухамедов;

д/ Ибль Каймуллин и Юнус Юсупович

Қаймуллин;

считаем своим долгом обратить Ваше внимание на тот непролетарский прием, по тем которого, в нарушение той части Земельного Кодекса, которая касается разделов имущества, а также в нарушение 7-ой статьи Постановления КазЦИК-а и КазСНК от 27 августа 1928 года, по которой недействителен всякий раздел имущества, произведенный лишь после 1 января 1928 года, следовательно действителен раздел, произведенный раньше этого времени, Казахские организации аннулировали все общие и исключительные законы Рабоче-крестьянской Власти о разделах имущества и признали не разделившимися сыновей от отцов даже при наличии актов и других официальных документов о таковых разделах, произведенных далеко до 1-го января 1928 года, соединили хозяйства отцов с хозяйствами сыновей и внуков с той единственной непролетарской целью, что бы искусственным путем довести количество скота до той нормы, по которой можно было бы считать нас баями и выселить нас, а наше имущество конфисковать. Мы полагаем, что такой прием или подход к делу, не являясь пролетарским, составляют бросающуюся в глаза мелкобуржуазную хитрость, на что мы решили обратить Ваше внимание.

4 – По норме скота мы все не подлежим выселению и конфискации, ибо мы являемся средниками, а также мы не являемся потомками ханов, султанами и несменяемыми волостными Управителями, получившими при царизме медали и другие разные знаки отличия.

Поэтому мы полагаем, что нас причисляют к аткаминерам. В что такое аткаминер и какое значение имеет в русском переводе? Аткаминер есть по русски активист, и это слово неправильно толкуется, как

понятие будто бы только отрицательного противосоветского характера, между тем, активист может быть и Советский и белогвардейский.

Мы были советскими активистами, и это не понравилось некоторым членам Казахского правительства в составе которого сидят такие бывшие Алан-Ординцы как Абдрахман Байдильдин и другие, которые во время гражданской войны были нашими врагами. Для примера возьмем отца Абдрахмана Байдильдина, Байдильду Кульмухамедова, который был членом партии Алаш-Орда, как они Абдрахман был 12 лет волостным управителем и 18 лет народным судьей при царизме и однако, благодаря сыну, сидящему в Казахстанском правительстве, уцелел от выселения и конфискации. Благодаря им обоим уцелели от выселения братья Саутбековы, которые имеют около 200 голов лошадей, 150 голов рогатого скота, около 200 баранов, из них Ахмет Саутбеков был 15 лет волостным правителем и 9 лет Нарсудьей в царское время. Равным образцов, благодаря Байдильдину, уцелел от выселения и конфискации и его тесть Мухамеджан Куванишев, который был 15 лет волостным управителем, получил при царизме халаты, медали и другие знаки отличия, а также имел купленные у казачьих офицеров собственные земельные участки как Аюке и другой участок рядом с князем Шаховским, которые ныне национализированы.

Из этого видно, что мы советские активисты пострадали, и белые активисты-аткаминеры остались на местах. До конфискации нашего скота ни ОГПУ и ни органами судебной власти не возбуждались и не было установлено, что бы мы когда либо были антисоветскими элементами. Значит, мы никогда не

были таковыми.

Присовокупляем к сказанному, что вопреки мнению секретаря Крайкома тов. Голощекина, высказанному в газете «Правда» в пределах Казахстана не было и нет феодалов, князей, помещиков и полу поместных дворян, владеющих потомственной земельной собственностью, ибо казахские земли были объявлены государственной собственностью временным положением от 21 октября 1868 года об управлении Казаками Степных Казахских Областей, т.е. почти 60 лет тому назад. С тех пор царизм начал колонизацию Казахского края. Царизм вплоть до революции не признал ни одного Казаха ни князем, ни помещиком и никому не давал ни одного верста земли в потомственную собственность.

В доказательство сказанного мы просим Вас просмотреть все карты северных уездов Казахстана, составленные царским главным переселенческим управлением, из которых можно увидеть, что Казахи с конца 1890-х годов вплоть до революции выгонялись не только из старых насиженных ими мест, но многие из них выгонялись неоднократно и из новых мест, и эти места отдавались под переселение крестьянам из внутренних губерний России. Где тут было место Феодализму, князьям, помещикам и т.д. при обозрении этих карт бросится глазам что переселенческие участки так образованы и так расположены друг от друга, что на оставленных между ними землях, предназначенных для пользования Казахов. Казахам нельзя было оставаться, и они должны были уйти оттуда чтобы избежать потравы скотом соседних переселенческих участков и могущих отсюда произойти столкновений с переселенцами. Царское Главное Переселенческое

Управление добивалось того чтобы отодвинуть Казахов из северных плодородных уездов в южные, пустынные и безводные уезды и заселить целиком северные уезды крестьянам из внутренних губерний, но оно в этом не совсем успело, ибо случилось тут революция. Эти обстоятельства совершенно опровергают возможность существования среди Казахов средневекового феодализма, помещичьего и мелкопоместного сословия связанного с потомственным землевладением. Поэтому у Казахов совершенно отсутствует такая знаменитая русская пословица как: «Вот тебе бабушка Юрьев день» появившаяся при царе Борисе Годунове, коим крестьяне объявлены были прекрепленными к тем помещикам, на землях которых они оказались в этот день превратились в крепостных людей тех помещиков. Правда, среди Казахов имеются бай – крупные скотоводы, которые пользуясь и зимой и летом обширными степными пастбищами, никому лично не принадлежащими, выращивали и размножали там свой скот, эксплуатируя труд пастухов, передвигавшихся вместе со стадами и табунами из края в крайне считаясь с временем года и с административными границами не только своих аулов, но и своих районов и округов, и отыскивая подножный корм для скота. В большинстве случаев, такие скотоводы не ксят сена и не имеют сенных запасов, ибо нет никакой возможности запастись сеном для всего скота.

За конфискацию имущества у этих скотоводов у которых скот размножается без особых приложений человеческого труда, в интересах казахской бедноты и батраков мы отнюдь ничего не имели и не имеем, ибо мы сами – каждый из нас в отдельности как сказано выше являемся советскими середняками и

никогда не были антисоветскими элементами.

Мы Казахи – переживаем ныне этап разлагающегося родового быта, из скорлупы этого быта мы еще не вылупились. Мы казахи в силу сложившейся счастливо об, активной политической обстановки, созданной Октябрьской революции, избегли грозившего при царизме этапа рабства, также этапов феодализма и капитализма и казахи минуя муки рождения этих этапов, свободно, легко и безболезненно могут воспринять социалистический строй при условии разумного и умелого подхода к делу со стороны местных партийных, советских и хозяйственных организаций и при условии строжайшего соблюдения принципов преподанных 15 съездом партии и последовавших за ним Пленумов ЦК ВКП\б/. Весь гвоздь только в этом. Переход от феодализма и капитализма к социализму сопряжен с муками рождения социализма. Переход же от родового быта к социализму не представляет таких особых мук, так как в самом родовом быту содержатся все начала патриархального коммунизма, нуждающегося в разумном руководстве диктатуры пролетариата и в научном оформлении.

Если мы ошибаемся в наших взглядах на дело, то мы просим Вас, тов. Сталин, извинить нас в том предположении, что мы говорим Вам все это от чистого сердца без задних мыслей по нашему разумению.


Мы полагаем, что Казахстан в отношении нас допустил ошибки, что просим Вас иметь всегда в виду.

гор. Актюбинск

18-го декабря 1928 г.

Султан Абдрахимов, Малик Айдарбеков,
Баймухамед Майкотов, Хасен Баймухамедов он же

Майкотов, Курманшаих Айтмухамедович Майкотов,
Дамеле Топаевна Майкотова, Исамбердин
Такамбетов, Тасмагамбет Такамбетов, Жылкыбай
Сабердинов, Нургалий Жилкыбаев, Темиргалий
Жилкибаев, Ахмеджан Нурмухамедов, Ибль
Каймулин и Юнус Юсупович Каймулин. /подписи
этих людей/.





Үшінші қатарда Қабиболла Ахметжанұлы,
Әміржан Мәлікқызы, Қалима Ақышқызы



Серік, Женіс Әбіловтар
Зәуреш балалары

МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз.....	1-2
2. Ідіріс қажы – Мәлік (Мәлгаждар) Айдабековтар.....	3-12
3. Әкелі-баласы Айдарбековтар Көлбай Төгісовпен қалай табысты.....	12-14
4. Мәлік Айдарбековтың қоғамдық қызметі.....	14-32
5. Мәлік Айдарбеков ұрпақтары.....	33-39
6. Мәрияш Мәліккызы ұрпақтары.....	40-41
7. Шәрбан Мәлікқызының ұрпақтары.....	41-43
8. Әміржан Мәліккызы ұрпақтары.....	43-47
9. Ідіріс қажының қызы Мәпиден тараған ұрпақтар.....	48-58
10.Мәлік Ідірісұлының шығармашылығы...	59-64
11.В Президиум Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета.....	65-70
12.Генеральному секретарю Центрального комитета ВКП(б) и Политбюро товаришу Сталину.....	70-78

Социал Жұмабаев

МӘЛГАЖДАР
АЙДАРБЕКОВ

Жауапты шығарушы: С.Жұмабаев
Басылымды дайындаған: С.Жұмабаев
Техникалық редактор: Н.Байтенова
Компьютерде терген: Н.Байтенова

Теруге 15.02.2004 ж. жіберілді
Басуға 18.03.2004 ж. қол қойылды
Пішімі 60 x 84. 4/16, қағазы офсет.
Қаріп түрі «Таймс»
Шартты баспа табағы 2,8
Таралымы 100 дана
Бағасы келісілген

Солтүстік Қазақстан облыстық
өлкетану мұражайы
«Асыл мұра» орталығы